

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 желтоқсандағы № 1001 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; №

24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 63-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 15, 55-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 50-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 37-құжат):

1) 115-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, оның ішінде шетел валютасы, қаржы құралдары, жұмыс, көрсетілетін қызметтер, шығармашылық зияткерлік қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары, мүліктік құқықтар, оның ішінде цифрлық активтер мен басқа да мүлік жатады.";

2) 116-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Цифрлық активтер айналымының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады."

2. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 56, 57-құжаттар; № 8-II, 71, 72-құжаттар; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 7, 14-құжат; № 9, 17-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат):

17-баптың 29) тармақшасының отыз төртінші және отыз бесінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының (4 және одан жоғары экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электрлі қозғалтқыштары бар) және олардың құрамбөліктерінің, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін ынталандыру қағидаларын;

индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіз (жанбайтын және (немесе) өрт қауіптілігі төмен және түтін мен газды аз бөлетін); қалдықтары Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңделетін болып табылатын кәбілді-өткізгіш өнімнің өндірісін ынталандыру қағидаларын;"

3. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 121, 124-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 119-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 6, 11-құжат; № 9, 18-құжат; № 10, 23-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51-құжат; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 31-құжат; № 10, 32-құжат; № 12, 39-құжат; № 14, 42-құжат; № 15, 47, 50-құжаттар; № 16, 55-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат):

225-3-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сыртқы сауда қызметін мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның оң қорытындысының болуы;"

4. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52- құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105;-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 27-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 36, 37-құжаттар; № 12, 39-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50- құжаттар; № 16, 53-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 23, 91-құжат; № 24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 36, 37-құжаттар; № 8, 45, 46-құжаттар):

1) 79-бапта:

бірінші және төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Дербес деректерді заңсыз жинау және (немесе) өңдеу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, жеке не нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Егер осы әрекеттер заңда белгіленген қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, меншік иесі, оператор немесе үшінші тұлға өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаған дәл сол іс-әрекеттер –

жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жетпіс бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Жеке тұлғалар туралы дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды оларға мүліктік және (немесе) моральдық зиян келтіру, Қазақстан

Республикасының заңдарында кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтардың іске асырылуын шектеу мақсатында пайдалану –

жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 641-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы және төртінші бөлігі алып тасталсын

;

3) 684-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары, осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 73, 73-1, 73-2, 74, 75 (бірінші, екінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде), 76, 77, 78, 80 (төртінші бөлігінде), 81 (екінші бөлігінде), 82 (екінші бөлігінде), 82-1, 85, 86 (төртінші бөлігінде), 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 139 (екінші бөлігінде), 145, 149, 150, 151 (екінші бөлігінде), 153, 154, 156-1, 158, 159, 160 (екінші бөлігінде), 169 (екінші, жетінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он төртінші бөліктерінде), 170 (жетінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші бөліктерінде), 171, 173, 174 (екінші бөлігінде), 175, 175-1, 176, 182, 183, 185, 187 (екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 189, 190 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 191, 193 (екінші және үшінші бөліктерінде), 199 (екінші бөлігінде), 200, 211 (бірінші бөлігінде), 214, 216, 219, 233 (үшінші бөлігінде), 235, 236, 237, 239-1, 245, 246, 247 (алтыншы, 7-1, тоғызыншы және он бірінші бөліктерінде), 251, 252 (екінші бөлігінде), 281 (төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде), 282 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші, он бірінші және он үшінші бөліктерінде), 283, 283-1, 294 (бірінші және екінші бөліктерінде), 299 (екінші бөлігінде), 310, 311, 312 (екінші бөлігінде), 313, 314, 316 (екінші бөлігінде), 317 (төртінші бөлігінде), 317-1 (екінші бөлігінде), 317-2 (екінші бөлігінде), 319, 320 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 326 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 333 (екінші бөлігінде), 356 (он төртінші бөлігінде), 357, 360 (бірінші бөлігінде), 382 (екінші және үшінші бөліктерінде), 383 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 385 (екінші бөлігінде), 389, 392 (үшінші бөлігінде), 395 (екінші бөлігінде), 396 (екінші бөлігінде), 397 (төртінші бөлігінде), 398, 399 (екінші және үшінші бөліктерінде), 400 (екінші бөлігінде), 401 (алтыншы және жетінші бөліктерінде), 402 (төртінші бөлігінде), 404 (тоғызыншы бөлігінде), 407 (екінші және үшінші бөліктерінде), 409 (жетінші және 7-1-бөліктерінде), 410-1, 413, 413-1, 414, 415 (екінші бөлігінде), 415-1 (екінші бөлігінде), 416, 417 (бірінші және алтыншы бөліктерінде), 419 (екінші бөлігінде), 422, 423 (екінші бөлігінде), 424 (үшінші және бесінші бөліктерінде), 425 (екінші бөлігінде), 426 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 427, 433 (екінші бөлігінде), 434, 436, 439, 440 (төртінші және бесінші

бөліктерінде), 443 (екінші бөлігінде), 444 (бірінші бөлігінде), 445, 445-1, 446, 449 (екінші және үшінші бөліктерінде), 450, 451 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 452 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 453, 456-1, 460-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 461, 462, 463, 464 (екінші бөлігінде), 465, 469 (екінші бөлігінде), 470 (екінші бөлігінде), 476, 477, 478, 479, 480, 481, 482, 483, 488, 489 (екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктерінде), 489-1, 490, 495 (екінші бөлігінде), 496 (екінші және үшінші бөліктерінде), 498, 506, 507, 508, 509, 510 (төртінші бөлігінде), 512 (екінші бөлігінде), 513 (екінші бөлігінде), 514 (екінші бөлігінде), 516, 517 (екінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктерінде), 528 (1-1-бөлігінде), 532 (екінші бөлігінде), 543 (бірінші, 1-1 және үшінші бөліктерінде), 544, 545, 548 (екінші бөлігінде), 549, 550, 552 (екінші бөлігінде), 563 (екінші бөлігінде), 564 (бесінші бөлігінде), 569 (бірінші, екінші және төртінші бөліктерінде), 583 (екінші бөлігінде), 590 (төртінші бөлігінде), 596 (үшінші және бесінші бөліктерінде), 603 (бірінші және екінші бөліктерінде), 604 (екінші бөлігінде), 605 (екінші бөлігінде), 606 (екінші бөлігінде), 607 (екінші бөлігінде), 608, 610, 611 (екінші және үшінші бөліктерінде), 613 (екінші, үшінші, 3-1, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктерінде), 615 (төртінші бөлігінде), 618, 621 (үшінші бөлігінде), 637 (сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он үшінші бөліктерінде), 638 (екінші бөлігінде), 651, 652, 653, 654, 655, 656, 657, 658, 659, 660, 661, 662, 664, 665, 666, 667, 668, 669, 673, 674, 675, 676, 677, 678, 679, 680, 681-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.";

4) 692-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 164, 250, 464 (бірінші бөлігінде), 637 (бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, он бірінші және он екінші бөліктерінде), 638 (бірінші бөлігінде) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.";

5) 692-2-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 79, 639, 640, 641-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.";

6) 805-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Прокурор осы Кодекстің 74, 75, 76, 77, 78, 81, 82, 82-1, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 129, 130, 173, 189, 214, 361, 362, 363, 439, 451, 452, 453, 455, 456, 456-1, 457, 465, 490, 498, 507, 508, 653, 660, 666, 675, 680-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс қозғау туралы қаулы шығарады.".

5. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат;

2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат):

1) мазмұнында:

100, 246 және 251-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"100-бап Индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган және оның жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саласындағы құзыреті";

"246-бап. Индустриялық қызметті мемлекеттік қолдауға қатысатын индустриялық-инновациялық жүйе субъектілері";

"251-1-бап. Венчурлік қорлар, жеке венчурлық инвесторлар және венчурлік қаржыландыру";

мынадай мазмұндағы 100-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"100-1-бап. Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган және оның жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саласындағы құзыреті"

2) 28-бап мынадай мазмұндағы 10-2-тармақпен толықтырылсын:

"10-2. Квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылатын кәсіпкерлік субъектісі ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру мақсатында деректерді талдауды іске асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды жинау, өңдеу, сақтау үшін қажетті иесіздендірілген мәліметтерді "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына береді.";

3) 98-баптың 1-тармағының екінші бөлігінің б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан Үдемелі индустриялық даму жөніндегі үйлестіру кеңесін құрады және оның ережесі мен құрамын бекітеді";

4) 100-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"100-бап. Индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган және оның жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саласындағы құзыреті

1. Индустриялық даму саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және индустриялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысуды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган болып табылады.

2. Индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган:

- 1) индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;
- 2) индустриялық қызмет саласындағы жергілікті қамтуды дамыту саясатын қалыптастырады;
- 3) индустриялық-инновациялық жүйені жоспарлауды, мониторингілеуді, ынталандыруды, дамытуды жүзеге асырады;
- 4) жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі туралы ақпарат береді;
- 5) жергілікті қамту жөнінде сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 6) басым тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай картасын әзірлейді;
- 7) индустрияландыру картасын әзірлейді;
- 8) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға инновациялық гранттар берудің басым бағыттарын айқындау жөнінде ұсыныстар береді;
- 9) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Үдемелі индустриялық даму жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне оның құрамын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 10) жобаларды индустрияландыру картасына және өңірлерде кәсіпкерлікті қолдау карталарына енгізу тәртібін әзірлейді;
- 11) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу тәртібін әзірлейді;
- 12) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарыққа ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын әзірлейді;
- 13) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыратын операторларды айқындайды;
- 14) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыратын операторлардың өкілеттіктерін әзірлейді және бекітеді;
- 15) аумақтық кластерлерді конкурстық іріктеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 16) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 17) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен ауыл шаруашылығы техникасын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ оны өзгерту және бұзу үшін негіздемелерді және оның үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;
- 18) құзыреті шеңберінде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы мен орындалуын қамтамасыз етеді және оған жауапты болады;



19) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

5) мынадай мазмұндағы 100-1-баппен толықтырылсын:

"100-1-бап. Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган және оның жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саласындағы құзыреті

1. Инновациялық даму саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысуды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган болып табылады.

2. Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган:

1) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

2) инновациялық гранттар берудің басым бағыттарын айқындайды;

3) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың, олармен үлестес заңды тұлғалардың, ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қорының тобына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда) және олармен үлестес заңды тұлғалардың технологияларды және инновацияларды дамыту бөлігінде даму стратегиялары мен жоспарларын келіседі;

4) Технологиялық саясат жөніндегі кеңесті құрады және оның ережесі мен құрамын бекітеді;

5) технологияларды коммерцияландыруға инновациялық гранттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

6) салаларды технологиялық дамытуға инновациялық гранттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

7) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық дамытуға инновациялық гранттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8) конструкторлық бюролардың жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

9) инновациялық гранттар беру кезінде технологиялық дамыту саласындағы ұлттық даму институты көрсететін қызметтерге ақы төлеу тәртібін әзірлейді және айқындайды;

10) құзыреті шеңберінде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы мен орындалуын қамтамасыз етеді және оған жауапты болады;

11) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

б) 102-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"102-бап. Сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган және оның жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саласындағы құзыреті

1. Шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын дамыту және ілгерілету саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті орган орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган:

1) арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары мәселелері бойынша тергеп-тексеру жүргізетін органмен өзара іс-қимыл жасайды;

2) тергеп-тексеру жүргізетін органға арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану алдындағы тергеп-тексерулерге бастама жасау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жұмысын үйлестіреді;

4) арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары мәселелері жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады және Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келіседі;

5) арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

6) басқа елдердің ресми органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

7) отандық өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8) сыртқы нарықтарға ілгерілету жөніндегі шығындары ішінара өтелетін отандық өңделген тауарлардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;

9) құзыреті шегінде шикізаттық емес экспортты дамытуды және ілгерілетуді жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасының салалық мемлекеттік органдарының шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету мәселелері жөніндегі жұмысын үйлестіреді;

11) Қазақстан Республикасының салалық мемлекеттік органдарымен шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

12) шикізаттық емес экспортты ілгерілету мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, экспортты ілгерілету жөніндегі шараларды әзірлейді және бекітеді;

14) құзыреті шеңберінде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы мен орындалуын қамтамасыз етеді және оған жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

7) 103-баптың 3-1) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөнінде ақпарат береді;"

"4) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға инновациялық гранттар берудің басым бағыттарын айқындау жөнінде ұсыныстар табыс етеді;"

8) 105-баптың 2-тармағының 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша және мерзімдерде ұйымдардың сатып алуындағы жергілікті қамту жөнінде ақпарат жинауды, талдауды жүзеге асырады және оны индустриялық және инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органдарға береді;

б) индустриялық және инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органдарға индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларының іске асырылуы туралы ақпарат береді;"

9) 120-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Кодексте көзделген тәртіппен енгізілетін, бәсекелестік нарықта мемлекеттің қандай да бір тауарды өндіруге, өткізуге немесе сатып алуға арналған айрықша құқығы мемлекеттік монополия болып табылады.

Айрықша құқықты іске асыру мемлекеттік монополия субъектісін құру арқылы жүзеге асырылады. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясын, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын, Мемлекеттік техникалық қызметті қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі не Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік кәсіпорын ғана мемлекеттік монополия субъектісі бола алады.";

10) 152-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бақылау және қадағалау органы тексеру нәтижелері туралы актінің бірінші данасы электрондық нысанда құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына тапсырылады, екінші дана қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда танысу және анықталған бұзушылықтарды жою және басқа да әрекеттер жөнінде шаралар қабылдау үшін бақылау және қадағалау субъектісіне (заңды тұлғаның басшысына не оның уәкілетті тұлғасына, жеке тұлғаға) қол қойғызылып тапсырылады, үшіншісі бақылау және қадағалау органында қалады.";

11) 152-1-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бақылау және қадағалау органы анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың бірінші данасын құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына электрондық нысанда тапсырады, екінші данасы қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда танысу және анықталған бұзушылықтарды жою және басқа да әрекеттер жөнінде шаралар қабылдау үшін бақылау және қадағалау субъектісіне (заңды тұлғаның басшысына не оның уәкілетті адамына, жеке тұлғаға) қол қойғызылып тапсырылады, үшіншісі бақылау және қадағалау органында қалады.";

12) 193-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Айрықша құқықты іске асыру мемлекеттік монополия субъектісін құру арқылы жүзеге асырылады. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясын, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын, Мемлекеттік техникалық қызметті қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі не Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік кәсіпорын ғана мемлекеттік монополия субъектісі бола алады.";

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген шектеулер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына және Мемлекеттік техникалық қызметке қолданылмайды.";

13) 246-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"246-бап. Индустриялық қызметті мемлекеттік қолдауға қатысатын индустриялық-инновациялық жүйе субъектілері";

3-тармақтың 1), 2), 3) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) экономиканың басым секторларын дамытуды және өңірлерді индустриялық дамытуды қоса алғанда, экономика секторларын дамыту саласында ақпараттық-талдамалық және консультациялық қызметтер көрсетеді;

2) индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға басым тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай картасын әзірлеу және оған өзекті сипат беру жөнінде қызметтер көрсетеді;

3) индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға индустрияландыру картасын қолдау жөнінде қызметтер көрсетеді;"

"8) мемлекеттік органдардан және заңды тұлғалардан алынған индустриялық қызмет саласындағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру жөніндегі

статистикалық ақпарат пен деректерге талдау жүргізуді көздейтін индустриялық қызмет саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды басқару, сондай-ақ ұсыныстар мен сараптамалық қорытындыларды тұжырымдау жөнінде қызметтер көрсетеді.";

4-тармақтың 1) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) технологиялық болжау жүргізуді ұйымдастырады;"

"9) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға инновациялық гранттар беру жөнінде қызметтер көрсетеді;"

5-тармақтың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға ішкі нарықта отандық тауарды, жұмыс берушілер мен қызмет көрсетушілерді мемлекеттік қолдау шараларының іске асырылу тиімділігін талдау жөнінде қызметтер көрсетеді;

4) индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға индустриялық қызмет субъектілерінің тауарларын, жұмыстары мен көрсететін қызметтерін ішкі нарықта ілгерілету жөніндегі шығындарының бір бөлігін өтеу жөнінде қызметтер көрсетеді;"

7-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды ілгерілету жөніндегі шығындарының бір бөлігін өтеу жөнінде қызметтер көрсетеді;"

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) индустриялық және инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысады;"

14) 250-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"250-бап. Технологиялық парк

1. Технологиялық дамыту саласындағы ұлттық даму институты немесе дербес білім беру ұйымы құрған не Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, индустриялық және инновациялық қызметті іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасалатын бірыңғай материалдық-техникалық кешені бар аумаққа меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иелік ететін заңды тұлға технологиялық парк (бұдан әрі – технопарк) болып табылады.

2. Технопарктер қызметінің негізгі түрі инновациялық қызмет субъектілерінің, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы субъектілердің жұмыс істеуінің бастапқы кезеңінде оларға үй-жайлар, жабдықтар беру, бухгалтерлік есеп жүргізу, заңдық, ақпараттық және консультациялық қолдау, инвестициялар тарту, жобаларды басқару жөніндегі қызметтер, сондай-ақ инновациялық жобаларды, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы инновациялық жобаларды іске асыру үшін қажетті өзге де қызметтер көрсетуді білдіретін технологиялық бизнес-инкубациялау болып табылады. Технологиялық бизнес-инкубациялау қызметтерін көрсету, сондай-ақ мұндай көрсетілетін қызметтер

құнын айқындау қағидаларын, "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркі көрсететін қызметтерді қоспағанда, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.";

15) 251-1-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"251-1-бап. Венчурлік қорлар, жеке венчурлық инвесторлар және венчурлік қаржыландыру";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жеке венчурлік инвестор стартап-компанияны венчурлік қаржыландыруды және сараптамалық қолдауды қамтамасыз ететін жеке тұлға болып табылады.";

16) 255-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"255-бап. Инновациялық кластер

Өзара іс-қимыл жасау және қолда бар мүмкіндіктерді бірлесіп пайдалану, білім және тәжірибе алмасу, технологияларды тиімді беру, орнықты әріптестік байланыстарды жолға қою және ақпарат тарату арқылы индустриялық және инновациялық қызметті ынталандыруға арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған ғылыми ұйымдардың, білім беру ұйымдарының, тәуекелмен инвестицияланатын акционерлік инвестициялық қорлардың, венчурлік қорлардың, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестігі инновациялық кластер болып табылады.";

17) 256-бапта:

1-тармақтың үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Технологиялық болжауды инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган тұрақты негізде бес жылда кемінде бір рет қорытындылар шығара отырып жүргізеді.

Технологиялық болжау инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін технологиялық болжау жүргізу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары, сондай-ақ индустриялық және инновациялық қызметті қолдауды жүзеге асыратын индустриялық және инновациялық жүйе субъектілері жүзеге асыратын индустриялық және инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларының іске асырылу тиімділігін бағалау индустриялық-инновациялық жүйені талдау құралы болып табылады.";

18) 257-баптың 6-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Индустриялық және инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган, өзге де мемлекеттік органдар, сондай-ақ облыстардың, республикалық

маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларын қарау, келісу және ұсыну кезінде мынадай өлшемшарттардың бірін:";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ауқымдылық – Қазақстан Республикасын индустриялық және инновациялық дамыту үшін индустриялық және инновациялық жобаны іске асырудың маңыздылығын ;";

19) 258-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Венчурлік қорларды қоса қаржыландыруды инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауға қатысатын индустриялық-инновациялық жүйенің субъектілері жүзеге асырады, олардың тізбесін инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган тиісті салаға (мемлекеттік басқару саласына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен келісе отырып бекітеді.";

20) 263-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Технологиялық меморандумдарды инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган ұлттық басқарушы холдингтермен, ұлттық холдингтермен, ұлттық компаниялармен және олармен үлестес заңды тұлғалармен жасайды және сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін айқындайды."

21) 264-баптың 1, 4 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Инновациялық грант деп инновациялық гранттар берудің басым бағыттары шеңберінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің индустриялық-инновациялық жобаларын іске асыру үшін оларға өтеусіз негізде берілетін бюджет қаражаты түсініледі.

Инновациялық гранттар беруді технологиялық дамыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.";

"4. Инновациялық гранттарды беру кезінде инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітетін инновациялық гранттарды беру қағидаларына сәйкес сараптама жүргізіледі.

Инновациялық гранттарды беру қағидаларында инновациялық гранттар беру кезінде қойылатын өлшемшарттар белгіленеді.";

"6. Технологиялық дамыту саласындағы ұлттық даму институты инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган мен технологиялық дамыту саласындағы ұлттық даму институты арасында жасалатын шарт негізінде инновациялық гранттар беруге бөлінген қаражатты басқаруды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының резиденті – екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шот ашады.

Қаржы жылының соңына есептелетін ағымдағы шоттағы қаражат қалдықтары инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға және тиісінше мемлекеттік бюджетке қайтаруға жатпайды, келесі қаржы жылында инновациялық гранттар беруге жұмсалады. Инновациялық гранттар беруге арналған ақшаның жалпы көлемі барлық инновациялық гранттар арасында бөлінеді.";

22) 268-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"268-бап. Ішкі нарықта қолдау

1. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне сервистік қолдау көрсетуді және олардың отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеуді индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып жүзеге асырады.

2. Ішкі нарықта индустриялық қызмет субъектілерін сервистік қолдау:

1) жеке және заңды тұлғаларды тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорында өтеусіз тіркеу;

2) әлеуетті тапсырыс берушілер, отандық тауар өндірушілер және жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілер туралы ақпаратты жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институтының интернет-ресурсына орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу тәртібін индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

3. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу:

1) индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеуге немесе оған сараптама жасауға тартылған консалтингтік ұйымдардың қызметіне ақы төлеу;

2) отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарды өтеу арқылы жүзеге асырылады.

Индустриялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4. Жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институты индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган мен жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институты арасында жасалатын шарт негізінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарыққа ілгерілету бойынша шығындарын өтеуге бөлінген қаражатты басқаруды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының резиденті – екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шот ашады.



Қаржы жылының соңына есептелетін ағымдағы шоттағы қаражат қалдықтары индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға және тиісінше мемлекеттік бюджетке қайтаруға жатпайды, ал келесі қаржы жылында индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарыққа ілгерілету жөніндегі шығындарын өтеуге жұмсалады.";

23) 270-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне сервистік қолдау шараларын ұсынуды және олардың отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету жөніндегі шығындарының бір бөлігін өтеуді сыртқы сауда қызметі саласындағы уәкілетті орган экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институтын және Ұлттық палатаны тарта отырып жүзеге асырады.";

24) 271-баптың 1 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Индустриялық қызмет субъектілеріне еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуды индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып жүзеге асырады.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін кластер деп түпкі немесе аралық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірушілерді, жинақтауыштарды, мамандандырылған көрсетілетін қызметтерді берушілерді, өндірістік және өзге де жабдықты өндірушілерді, мамандандырылған инфрақұрылымның өнім берушілерін, ғылыми және зерттеу ұйымдарын, жоғары білім беру ұйымдарын, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын және белгілі бір салалық мамандануы бар басқа да ұйымдарды қамтитын, өзара байланысты және өзара толықтыратын компаниялар мен ұйымдардың географиялық жағынан шоғырландырылған тобы түсініледі.";

"4. Индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган мен индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты арасында жасалатын шарт негізінде еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға бөлінген қаражатты басқаруды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының резиденті – екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шот ашады.".

6. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-I, 22-II, 107-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 42, 44-құжаттар; № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде

жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

255-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"255-бап. Жер қойнауын пайдаланушы шығыстарының жекелеген түрлерін шегеру"

;

2) 30-бапта:

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті мемлекеттік органға, қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органға және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Осы тармақшада көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органдар салықтық құпияны құрайтын мәліметтерге қол жеткізе алатын лауазымды адамдардың тізбесін бекітеді;"

7-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік функцияларды іске асыру мақсатында деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды жинау, өңдеу, сақтау жөніндегі қағидаларға сәйкес мемлекеттік функцияларды іске асыру мақсатында деректерді талдауды жүзеге асыру үшін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган алған ақпаратты "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына беру салықтық құпияны жария ету болып табылмайды.";

3) 255-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"255-бап. Жер қойнауын пайдаланушының шығыстарының жекелеген түрлерін шегеру";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық қызмет бойынша Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес:

1) ғылым саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген ғылым саласындағы ұйымдар;

"Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері қатысушыларының жобаларын қаржыландыру үшін дербес кластерлік қор ұйымдары жүзеге асыратын ғылыми зерттеулерді;

2) "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркінің қатысушылары жүзеге асыратын көмірсутектер және уран өндіру саласындағы цифрландыру жобаларын іске асыруды қаржыландыруға (ақша аударуға) арналған шығыстарды шегеруге құқығы бар";

4) 293-баптың 4-3-тармағы 2) тармақшасының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы басым қызмет түрлерінің тізбесін және меншікті өндірістің өлшемшарттарын ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.";

5) 373-баптың 2-тармағы 3) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша бекітетін, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізілген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін осындай жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартымен осы Кодекстің 293-бабы 1-тармағының б) тармақшасында аталған заңды тұлғаларға жұмыстар орындалса және қызметтер көрсетілсе;"

6) 394-баптың 38) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"көлік құралдары және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасы индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша бекіткен, өткізілуі қосылған құн салығынан босатылатын көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасының тізбесіне енгізілсе, көлік құралдарын және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасын;"

7) 399-баптың 1-тармағында:

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) мынадай шарттар сақталған кезде:

көлік құралдарын өндірушілерге қатысты – индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім болса;

ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілерге қатысты – индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен ауыл шаруашылығы техникасын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім болса, инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен жасалған арнайы инвестициялық шарт шеңберінде заңды тұлға еркін қойма

кедендік рәсімімен орналастырған көлік құралдарының және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының құрамындағы шикізаттың және (немесе) материалдардың

17) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тауарлар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы басым қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдалану мақсатында ғана әкелінсе, "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркіне қатысушылар болып табылатын салық төлеушілер әкелген тауарлардың импорты қосылған құн салығынан босатылады."

8) 433-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сатып алынған (алынған) тауарларды (лизинг нысаналарын) басқа тауарларды өндіруде пайдаланатын салық төлеушілер құқылы. Сатып алынған (алынған) тауарлардың (лизинг нысаналарының) тізбесін уәкілетті органмен және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп бекітеді.

Осы тармақшада көрсетілген сатып алынған (алынған) тауарлар (лизинг нысаналары) сатып алынған (алынған) күннен бастап екі жыл ішінде одан әрі өткізілуге жатпайды;"

9) 451-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мынадай шарттар сақталған кезде:

көлік құралдарын өндірушілерге қатысты – индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім болса;

ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілерге қатысты – индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен ауыл шаруашылығы техникасын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім болса, инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен жасалған арнайы инвестициялық келісімшарт шеңберінде заңды тұлға еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырған көлік құралдарының және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының құрамындағы шикізат және (немесе) материалдар."

10) 484-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Кодекстің 341-бабы 1-тармағының 10) тармақшасында белгіленген кірістерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің кірістері бөлігінде осы Кодекстің 341-бабы 1-тармағының 50) тармақшасында белгіленген кірістерді қоспағанда, осы Кодекстің 341-бабының 1-тармағында белгіленген кірістер;"

11) 510-баптың 3-тармағы 5) тармақшасының екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мұндай технологиялық парктер Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес құрылған";

12) 521-баптың 3-тармағы 10) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес құрылған";

7. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 23-I, 23-II, 110-құжат; 2018 ж., № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат):

202-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осындай тауарларды нысаналы пайдалануды тану тәртібін мерзімдерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органдар уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды."

8. 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 23-IV, 112-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

1) мазмұнындағы 129 және 178-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"129-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді өндіру кезеңі ішіндегі оқыту, ғылым, цифрландыру жобаларын іске асыру және өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту саласындағы міндеттемелері";

"178-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың уран өндіру кезеңі ішіндегі оқыту, ғылым, цифрландыру жобаларын жүзеге асыру және өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту саласындағы міндеттемелері";

2) 129-бапта:

129-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"129-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді өндіру кезеңі ішіндегі оқыту, ғылым, цифрландыру жобаларын жүзеге асыру және өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту саласындағы міндеттемелері";

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган ғылым саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып бекітетін тәртіппен ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып бекітетін тәртіппен көмірсутектер саласындағы цифрландыру жобаларын жүзеге асыруды алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын

пайдаланушының көмірсутектерді өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қаржыландыруды жүзеге асыруға;"

3) 144-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алу жөніндегі ақпараттық жүйенің операторын көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган айқындайды және өңдеу, сақтау, пайдалану, оның ішінде көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алудың ақпараттық жүйесін қалыптастыру және оның жұмыс істеу тәртібіне сәйкес ақпаратты ұсыну және тарату мақсатында шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алудың ақпараттық жүйесіне қосу үшін ақпарат жинауды жүзеге асырады.

Шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алу жөніндегі ақпараттық жүйенің операторы дауыс беретін акцияларының (қатысу үлесінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға болып табылады, ал акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.";

4) 178-бапта:

178-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"178-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың уран өндіру кезеңі ішіндегі оқыту, ғылым, цифрландыру жобаларын іске асыру және өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту саласындағы міндеттемелері";

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уран өндіру саласындағы уәкілетті орган ғылым саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып бекітетін тәртіппен ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып бекітетін тәртіппен уран өндіру саласындағы цифрландыру жобаларын жүзеге асыруды алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының уранды өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қаржыландыруды жүзеге асыруға;"

5) 278-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Индустрияландыру картасына немесе Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өңір кәсіпкерлігін қолдау картасына енгізілген индустриялық жобаларды іске асыратын, қызметі (технологиялық процесі) жер қойнауын пайдаланумен байланысты индустриялық қызмет субъектілері осы тармақта көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Кодекстің 70-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілмеген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы учаскесіне берілген өтініш негізінде пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған

лицензияны алуға құқылы деп белгіленсін. Бұл құқықты индустриялық қызмет субъектілері осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап бес жыл ішінде іске асыруы мүмкін.

Осы тармаққа сәйкес берілген пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензияны беру туралы өтінішке, осы Кодекстің тиісінше 187-бабында немесе 204-бабында көзделген құжаттардан басқа, индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның өтініш иесінің өндірістік қызметі (технологиялық процесі) жер қойнауын пайдаланумен байланысты екенін растайтын қорытындысы қоса беріледі.

Индустриялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық процесін) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызмет (технологиялық процесс) деп тану тәртібін кәсіпкерлік саласындағы индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Осы тармаққа сәйкес берілген пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензиялардың шарттары, осы Кодекстің тиісінше 191-бабында немесе 208-бабында көзделген шарттардан басқа мыналарды:

1) индустриялық қызмет субъектісінің индустриялық жобаны іске асыру жөніндегі міндеттемелерін;

2) индустриялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметінің (технологиялық процесінің) мұқтажы үшін басымдық тәртіппен өндірілген пайдалы қатты қазбаларды жеткізу бойынша міндеттемелерін көздеуге тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушы осы тармақтың ережелеріне сәйкес берілген жер қойнауы учаскесіндегі тиісті индустриялық жоба бойынша өндірістік объектіні пайдалану басталғанға дейін пайдалы қазбаларды өндіруді бастауға құқылы емес.

Осы тармаққа сәйкес берілген барлауға немесе өндіруге арналған лицензия осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда осы Кодекстің тиісінше 200-бабына немесе 221-бабына сәйкес көзделген негіздерден басқа кезде қайтарып алынуы мүмкін."

9. "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 718-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 115, 119-құжаттар; 2018 ж., № 11, 37-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 9-баптың 5-тармағы мынадай редакияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасындағы өнертапқыштық қызметті насихаттау және ол туралы хабардар болуды арттыруды қолдау мақсатында уәкілетті орган ғылым, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен бірлесіп, әлеуметтік және экономикалық маңызы бар,

бәсекеге қабілетті, экологиялық қауіпсіз өнертабыстарды іріктеу бойынша жыл сайынғы "Шапағат" конкурсын өткізу, сондай-ақ неғұрлым маңызды және кеңінен пайдаланылатын өнертабыстардың авторлары үшін "Еңбек сіңірген өнертапқыш" атағын беру тәртібін әзірлейді және айқындайды.";

2) 32-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Апелляциялық кеңестің құрамына өнертабыстарды, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласындағы, ғылым, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдардың, сондай-ақ көрсетілген уәкілетті органдардан қоғамдық кеңестердің өкілдерін қоса алғанда, мүшелердің тақ саны (кемінде бесеуі) кіруге тиіс."

10. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-бап; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 65-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 21-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 37-құжат):

1) 50-баптың 4-тармағында:

1-7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:



"1-7) мемлекеттік кіріс органдарының сұрау салуы бойынша төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға арналған жабдықты (құрылғыны) қолдану арқылы жеке кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын тұлға ретінде тіркеу есебінде тұрған салық төлеуші – заңды тұлға, жеке тұлға бойынша ақпарат ағымдағы шотқа түскен күнтізбелік жыл үшін төлемдердің жиынтық сомалары бойынша мәліметтер беруі;"

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру туралы шартты нотариус жасайтын куәландыру бойынша жылжымайтын мүлікпен мәміле жасау үшін банк клиентіне ашылған эскроу-шоттағы ақшаның болуы және сомасы туралы ақпаратты электрондық нысанда беруі банк құпиясын ашу болып табылмайды."

11. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 19, 118-құжат; № 23, 142-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184, 190-құжаттар; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 13-14, 144-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 11, 59-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; 2014 ж., № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; 2016 ж., № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 16, 56-құжат):

1) 12-бап мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) күзет іс-шараларын өткізу аймағында немесе күзетілетін объектілер аумағының үстінде экипажсыз және жолаушыларсыз әуе кеңістігін ұшқышсыз ұшу аппараттары (құралдары) немесе өзге де қашықтықтан (автоматты) басқарылатын және басқарылмайтын ұшу аппараттары (құралдары) бұзуының жолын кесу үшін;"

2) 13-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) күзет іс-шараларын өткізу аймағында немесе күзетілетін объектілер аумағының үстінде экипажсыз және жолаушыларсыз әуе кеңістігін ұшқышсыз ұшу аппараттары (құралдары) немесе өзге де қашықтықтан (автоматты) басқарылатын және басқарылмайтын ұшу аппараттары (құралдары) бұзуының жолын кесу үшін;"

12. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233-құжат; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 6, 72-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 63-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; №

7, 33-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118-құжат; 2015 ж., № 21-III, 135-құжат; № 22-V, 154, 156-құжаттар; 2016 ж., № 23, 118-құжат; № 24, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 8, 16-құжат; № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 16, 56-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 5-6, 27-құжат):

1) 13-баптың 21-5) және 21-6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"21-5) байланыс операторлары желілерін Қазақстан Республикасының аумағында қалааралық және халықаралық байланыс операторларының интернет-трафигімен алмасу нүктелеріне қосу және интернет-трафикті өткізу тәртібіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

21-6) байланыс операторлары желілерін Қазақстан Республикасының аумағында қалааралық және халықаралық байланыс интернет-трафигімен алмасу нүктелеріне қосу және интернет-трафикті өткізу тәртібін айқындау;"

2) 15-3-баптың 10) тармақшасындағы "жағдайларында қолдануға құқылы" деген сөздер "жағдайларында" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) әуе кеңістігін ұшқышсыз ұшу аппараттарымен (құралдарымен) немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдары объектілері аумағының үстінен экипажсыз және жолаушыларсыз қашықтықтан (автоматты) басқарылатын және басқарылмайтын өзге де ұшу аппараттарымен (құралдарымен) бұзудың жолын кесу мақсатында қолдануға құқығы бар.";

3) 15-4-баптың 11) тармақшасындағы "жағдайларында қолдануға құқығы бар" деген сөздер "жағдайларында" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) әуе кеңістігін ұшқышсыз ұшу аппараттарымен (құралдарымен) немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдары объектілері аумағының үстінен экипажсыз және жолаушыларсыз қашықтықтан (автоматты) басқарылатын және басқарылмайтын өзге де ұшу аппараттарымен (құралдарымен) бұзудың жолын кесу мақсатында қолдануға құқығы бар.".

13. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-құжат; 1998 ж., № 22, 307-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 48-құжат; № 12, 86-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 21, 172-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат;

2015 ж., № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 12,87-құжат; № 22, 116-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 16, 53-құжат):

1) 3-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік функцияларды іске асыру мақсатында деректер талдауды жүзеге асыру үшін қажетті нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына беріледі."

2) 54-баптың 3 тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жылжымайтын мүлікпен мәміле бойынша есеп айырысуды қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырған жағдайда нотариус мәмілені куәландыру туралы мәліметтерді, сондай-ақ тіркеуші органның жылжымайтын мүлікті тіркеу не мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе тоқтата тұру туралы ақпаратты, мәмілені қамтамасыз ету мақсатында банк шоты ашылған екінші деңгейдегі банктің және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі - банк) ақпараттық жүйесіне береді."

14. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 8, 238-құжат; № 23, 925-құжат; 2000 ж., № 23, 411-құжат; 2001 ж., № 2, 14-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2004 ж., № 24, 157-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат; 2006 ж., № 12, 69-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 23, 111-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; 2014 ж., № 6, 28-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат):

3-2-бап мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ақпараттық жүйелерді толтыруды және өзектендіруді жүзеге асырады;"

15. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 1-құжат, 2004 ж., № 23, 142- құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат, № 18, 84-құжат, 2010 ж., № 5, 23-құжат; №17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; №19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2017 ж., № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 9, 31-құжат):

1) мазмұнындағы 20-2-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"20-2-бап. Қазақстан Республикасының куәландырушы орталықтарын аккредиттеу";

2) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1), 5-5) және 20) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

"5-5) арнайы негізгі куәландырушы орталық (бұдан әрі – АНКО) – арнайы куәландырушы орталықтардың электрондық цифрлық қолтаңбасының ашық кілттерінің тиесілілігі мен жарамдылығын растауды жүзеге асыратын куәландырушы орталық;"

"20) арнайы куәландырушы орталықты аккредиттеу – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мемлекеттік органның арнайы куәландырушы орталығының қызметтер көрсетуде құзыреттілігін ресми тануы.";

9) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"9) тіркеу куәлігі – куәландырушы орталық электрондық цифрлық қолтаңбаның осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін беретін электрондық құжат;"

"12) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен өзге де тәсілмен куәландырылған құжат;"

3) 4-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) электрондық құжатты куәландыру тәсілдерін және оларды қолдану тәртібін айқындайды;"

4) 5-бапта:

1-тармақтың 4), 8), 11) және 13-2) тармақшалары алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуы тұрғысынан электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) куәландырушы орталықтарды аккредиттеуді жүргізу қағидаларын әзірлейді;

3) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде нұсқама береді.";

5) мынадай мазмұндағы 5-3-баппен толықтырылсын:

"5-3-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті:

1) арнайы куәландырушы орталықты құру, аккредиттеу және оның қызметін тоқтату қағидаларын бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының арнайы негізгі куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының арнайы негізгі куәландырушы орталығының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

4) мемлекеттік құпияларға жатқызылған, қорғалған орындаудағы ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтері бар электрондық құжаттарды және өзге де деректерді жинау, өңдеу, сақтау, беру, іздеу, тарату, пайдалану, қорғау, тіркеу және жою қағидаларын бекітеді.";

б) 7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның талаптарына сәйкес келетін және оған қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы және (немесе) заңнамада белгіленген өзге де тәсілмен куәландырылған электрондық құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.";

7) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбаны тану

Шетелдік тіркеу куәлігі бар шетелдік электрондық цифрлық қолтаңба мынадай:

1) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапының электрондық цифрлық қолтаңбасының түпнұсқалығы куәландырылған;

2) электрондық құжатқа қол қойған тұлға электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін заңды түрде иеленген;

3) электрондық цифрлық қолтаңба тіркеу куәлігінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес пайдаланылған;

4) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапында тіркелген шетелдік куәландырушы орталықпен немесе Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапында тіркелген, шет мемлекеттің сенім білдірілген үшінші тарапында тіркелген шетелдік куәландырушы орталықпен тіркелген шетелдік куәландырушы орталықтың электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен қалыптастырылған жағдайларда Қазақстан Республикасының аумағында танылады.";

8) 15-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы алып тасталсын;

9) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алу

1. Тіркеу куәлігін берген куәландырушы орталық оны тиісті хабарлама негізінде мынадай:

1) тіркеу куәлігі иесінің не оның өкілінің талап етуі бойынша;

1-1) дұрыс емес мәліметтерді ұсыну фактісі не тіркеу куәлігін алған кезде құжаттар пакетінің толық болмауы анықталған кезде;

2) тіркеу куәлігінің иесі қайтыс болған;

2-1) тіркеу куәлігі иесінің тегі, аты немесе әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгерген;

2-2) тіркеу куәлігінің иесі-заңды тұлғаның атауы ауысқан, қайта ұйымдастырылған, таратылған, заңды тұлғаның бірінші басшысы ауысқан;

2-3) тіркеу куәлігінің иесі азаматтықтан шыққан;

4) куәландырушы орталық пен тіркеу куәлігінің иесі арасындағы келісіммен көзделген жағдайларда;

5) қылмыстық іс қозғалған жағдайда құқық қорғау органдарының сұрау салуы бойынша, соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша кері қайтарып алады.

2. Куәландырушы орталық тіркеу куәлігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде кері қайтарып алады.

3. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алу кезінде куәландырушы орталық тиісті ақпаратты алған кезден бастап кемінде бір күн мерзімде тіркеу куәліктерінің тіркеліміне өзгерістер енгізуге міндетті.";

10) 19-бап алып тасталсын;

11) 20-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының куәландырушы орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады.";

12) 20-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-2-бап. Қазақстан Республикасының куәландырушы орталықтарын аккредиттеу

1. Қазақстан Республикасының куәландырушы орталықтарын аккредиттеу Қазақстан Республикасының аумағында куәландырушы орталықтардың (Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығын қоспағанда) өз қызметін жүзеге асыруы үшін міндетті шарт болып табылады. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган аккредиттеуді Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары болып табылатын куәландырушы орталықтарға қатысты жүзеге асырады.

2. Егер куәландырушы орталықтың өтінішінде анағұрлым қысқа мерзім көрсетілмесе, Қазақстан Республикасының куәландырушы орталығын аккредиттеу үш жыл мерзімге тегін негізде жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының арнайы куәландырушы орталықтарын аккредиттеу арнайы куәландырушы орталықтардың (Қазақстан Республикасының арнайы негізгі куәландырушы орталығын қоспағанда) өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруы міндетті шарт болып табылады. Аккредиттеуді Ұлттық қауіпсіздік комитеті мемлекеттік органдардың арнайы куәландырушы орталықтарына қатысты жүзеге асырады.";

13) 21-баптың 1-тармағында:

2-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1) тіркеу куәліктерін қолдану қағидаларын бекітеді";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының арнайы негізгі куәландырушы орталығының функцияларын жүзеге асыруды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті қамтамасыз етеді.";

14) 22-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Куәландырушы орталық қызметін тоқтатқан жағдайда бұл туралы өз қызметін тоқтатудан отыз күн бұрын өзі қызмет көрсететін электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушылардың бәрін және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті."

16. "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 176-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 23, 178-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 14, 50-құжат; 2018 ж., №10, 32-құжат):

1) 7-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша заңдылықтың бұзылуын жою мақсатында ұсынулар енгізуге;"

2) 8-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, шекте, көлемде және мерзімдерде ақпараттық есептік құжаттарды, өзге де қажетті материалдар мен мәліметтерді уәкілетті органға беруге;"

3) 16-2 баптың 3 тармағының үшінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдарының ақпарат алмасу жүйесінен жария емес тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру қызметін жүргізу үшін, сондай-ақ өздеріне жүктелген өзге де міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты алу тәртібі мен негіздері Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі мен құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының бірлескен нормативтік-құқықтық актілерінде айқындалады."

17. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 8, 63, 64-құжаттар; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 23-III,

111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; 2019 ж., № 5-6, 27-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 9-3-баппен толықтырылсын:

"9-3-бап. "112" бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі";

2) 2-бапта:

мынадай мазмұндағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

"22-1) "112" бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі – қылмыстарға, оқиғаларға, қиын жағдайларға, шұғыл жедел жәрдемге, табиғи зілзалаларға, басқа да төтенше жағдайларға жедел ден қою жөніндегі қызметтер мен бөлімшелердің іс-қимылдарын үйлестіру үшін жеке және заңды тұлғалардан хабарламаларды қабылдау және өңдеу қызметі";

40-1) және 45) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"40-1) мемлекеттік техникалық қызмет – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам";

"45) радиоәуесқойлық қызмет – тиісті хабарлама жіберген жеке тұлғалар жүзеге асыратын, өз бетінше үйрену, сөйлесу байланысы және техникалық зерттеулер мақсатына арналған радиобайланыс қызметі";

3) 4-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.";

4) 9-1-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) халықтың теле-, радиоарналарды қабылдауы сапасын бақылауды қоса алғанда, байланыс қызметтерін көрсету сапасының параметрлерін өлшеу жұмыстарын, сондай-ақ радиожилілік спектрінің және Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұза отырып жұмыс істейтін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды анықтау мониторингін орындауды";

5) 9-2-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы және 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйелерін техникалық қолдап отыруды, сондай-ақ халықаралық түйісу нүктелерін есепке алуды жүргізуді";

"2. Мемлекеттік техникалық қызмет өндіретін және (немесе) өткізетін, осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті монополияға қарсы органмен келісу арқылы белгілейді.";

б) мынадай мазмұндағы 9-3-баппен толықтырылсын:

"9-3-бап. "112" бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі



1. "112" бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдіктерінде құрылады.
  2. "112" бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметі туралы үлгі ереже, сондай-ақ "112" бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметі мен Қазақстан Республикасының аумағындағы кезекші диспетчерлік қызметтердің қызметін үйлестіру қағидалары ішкі істер органдарының, байланыс, денсаулық сақтау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның бірлескен бұйрығымен бекітіледі.
  3. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдігі "112" бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметінің ережесін тиісті әкімшілік аумақтарда бекітеді.
  4. Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдігі "112" бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметін құруды, дамытуды және оның жұмыс істеуін жергілікті атқарушы орган қамтамасыз етеді.
  5. Мемлекеттік органдар, оның ішінде олардың аумақтық бөлімшелері, адамдар жаппай болатын объектілерді, қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын заңды тұлғалар ақпараттық-коммуникациялық желілер мен автоматтандырылған мониторинг жүйелерінің "112" бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметімен өзара іс-қимылын ұйымдастырады.
  6. "112" бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметінің өз құзыреті шегінде авариялық және шұғыл қызметтердің, байланыс операторларының, жергілікті атқарушы органдардың және өзге де мемлекеттік органдардың дерек қорларында қамтылған ақпаратты пайдалануға құқығы бар.
  7. Жеке және заңды тұлғалардан хабарламаларды қабылдауды және өңдеуді қамтамасыз ету мақсатында "112" бірыңғай телефон нөмірі жұмыс істейді.
  8. Қылмыстар, оқиғалар, қиын жағдайлар, шұғыл жедел жәрдем, дүлей зілзалалар және басқа да төтенше жағдайлар туындаған кезде "112" бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі өзара іс-қимыл жасайтын кезекші диспетчерлік қызметтердің іс-қимылдарын үйлестіреді.
  9. "112" бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі оның орналасқан жерінде мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерімен, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы қолда бар байланыс инфрақұрылымымен интеграцияланады.";
- 7) 12-баптың 8-1 және 9-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
- "8-1. Радиожиілік спектрін пайдалануға арналған рұқсаттың қолданылуы мынадай негіздер бойынша:
- 1) пайдаланушының радиожиілік спектрін ерікті қайтару туралы өтініші бойынша;
  - 2) радиожиілік спектрі бір жыл бойы пайдаланылмағанда;

3) байланыс операторы Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдалануға арналған рұқсатта көрсетілген елді мекендерді және (немесе) аумақтарды байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету жөнідегі міндеттемелерді орындамағанда;

4) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін үш тоқсанға мемлекеттік бюджетке төлем төлемегенде соттан тыс тәртіппен тоқтатылады.

9. Жиілік белдеулерін, радиожиліктерді (радиожилік арналарын) радиожилік органдарымен келісу жүргізілген жағдайда, келісу жүргізу мерзімі сұрау салу алынған кезден бастап отыз күннен аспауға тиіс, бұл ретте өтінімді қарау мерзімі қажетті келісулерді жүргізу уақытына ұзартылуы мүмкін, бірақ бұл отыз күннен аспауы керек. Іргелес мемлекеттермен (Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аймақтарында) Халықаралық электр байланысы одағының Радиобайланысы регламентіне сәйкес радиожиліктерді халықаралық үйлестіру жүргізілген кезде өтінішті қарау мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ бұл алты айдан аспауы керек, бұл туралы өтініш беруші алдын ала жазбаша түрде хабардар етілуге тиіс.";

8) 16-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-2-бап. Радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдаланудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама

Жеке және (немесе) заңды тұлғалар, оның ішінде шет мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық өкілдіктері радиоэуескойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдары мен жоғары жиілікті құрылғыларын қоса алғанда, радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану басталғанға дейін немесе тоқтатылғанға дейін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын нысан бойынша хабарлама жіберуге міндетті.";

9) 25-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Байланыс операторлары арасында интернет-трафик алмасуды басқа мемлекеттің аумағында орналасқан телекоммуникация желілері арқылы жүзеге асыруға тыйым салынады.";

10) 26-баптың 3-1-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары:";

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті байланыс желілері мен арналарын өз қаражаты есебінен беруге және Ұлттық қауіпсіздік комитеті

айқындайтын тәртіппен өзінің байланыс желілерін Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесіне қосуды қамтамасыз етуге;

3) интернет-трафикпен алмасу нүктелеріне өз желілері мен байланыс кіші желілерін қосуды және беруді, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайтын тәртіппен интернет-трафикпен алмасу нүктесінен интернет-трафикті қабылдауды қамтамасыз етуге;"

11) 28-5-бапта:

7, 10, 13 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Радиобақылау нәтижелері бойынша радиобақылау субъектісінің (объектісінің) әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынымды ресімдейді және жібереді.";

"10. Радиобақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.";

"13. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсаттар берілген, азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құрал мен жоғары жиілікті құрылғының жұмысында бөгеуілдер туындаған жағдайда:

1) бөгеуіл жасалып отырған радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың иелері радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың техникалық параметрлерінің, оның ішінде қабылдау құрылғыларының таңдау және қорғаныш қасиеттерінің нормалар мен техникалық параметрлер стандарттарына сәйкестігіне көз жеткізуі қажет. Егер олар нормаларға сәйкес келмесе, радиоэлектрондық құралдардың иелері сипаттамаларды нормаларға сәйкес келтіру жөнінде шаралар қолдануға немесе радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды ауыстыруға тиіс. Басқа радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың сәуле таратуы салдарынан бөгеуіл туындаған кезде, бөгеуіл жасалып отырған радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың иелері уәкілетті органға және (немесе) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне өтініш жасайды;

2) уәкілетті орган және (немесе) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері бөгеуілдердің көздерін және сипатын, олардың туындау себептерін анықтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және оларды жою жөнінде шаралар қолданады;

3) радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың белгіленген параметрлерінің және (немесе) жұмыс режимдерінің бұзылуы, қабылдау құрылғыларының таңдау немесе қорғаныш қасиеттерінің нашарлауы және қатар тұрған радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың өзара әсер етуіне

байланысты интермодуляциялық сипаттағы бөгеуілдер салдарынан болғанда, уәкілетті орган және (немесе) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері бөгеуілдерді жою жөнінде ұсыным береді;

4) берілген жиіліктердегі бөгеуілдерді жою мүмкін болмаған кезде уәкілетті орган радиожіліктерді жаңадан беруді жүргізеді;

5) әдейі жасалмаған, өнеркәсіптік немесе технологиялық сипаттағы бөгеуілдер салдарынан болғанда уәкілетті орган және (немесе) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері бөгеуілдер көзін анықтау және оларды жою бойынша шаралар қолданады."

"16. Радиобөгеуілдерді және тиісті рұқсаттары жоқ радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың қолданылуын анықтау және олардың жолын кесу жөніндегі іс-шараларды уәкілетті орган және (немесе) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жүргізеді.";

12) 28-6-баптың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларға тағайындалған радиожіліктегі (радиожілік арнасындағы) бөгеулерді жою үшін уәкілетті органға және (немесе) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне жүгінеді;

3) лауазымды адамдардың, уәкілетті органның және (немесе) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасайды.";

13) 28-7-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті орган радиобақылау жүргізу мақсатында радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларға уәкілетті органның және (немесе) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының қызметтік куәлік көрсеткен кезде қол жеткізуін қамтамасыз етеді;"

14) 28-8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-8-бап. Радиожілік спектрі, радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар мониторингі

1. Радиожілік спектрі, радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар мониторингі – уәкілетті органның және (немесе) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің радиожілік ресурсын пайдалану жөнінде шешім қабылдауы үшін қажетті ақпаратты алу мақсатында радиосигналдардың және радиосәуле тарату көздерінің параметрлері мен сипаттамалары туралы деректерді жинау, өңдеу, талдау және сақтау жөніндегі ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешені.

2. Азаматтық мақсаттағы радиожілік спектрі, радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар мониторингін байланыс саласындағы мемлекеттік монополияға жатқызылған саладағы қызметті жүзеге асыратын кәсіпорын:

1) радиожілік спектрін пайдаланудың тиімділігін анықтау;

2) радиосәуле тарату параметрлері мен сипаттамаларын дерекқорда тіркелген көздердің мәлімделген параметрлер мен сипаттамаларға идентификаттау;

3) тіркелмеген радиосәуле тарату көздерін табу;

4) радиосәуле тарату көздерінің орналасқан жерін табу;

5) Халықаралық электр байланысы одағының, Өңірлік электр байланысы одағының және Компьютерлік оқыс оқиғаларға ден қою қызметінің ұсынымдары бойынша, сондай-ақ шекара маңындағы елдердің байланыс әкімшіліктерінің өтініштері бойынша жұмыстарды орындау шеңберінде өлшеулер жүргізу;

б) азаматтық мақсаттағы радиожиілік спектрі, радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар мониторингі нәтижелерін есепке алу, сақтау және өңдеу мақсатында жүргізеді.";

15) 36-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл талап байланыс операторының әрекеттеріне шағым немесе өтініш болған жағдайда қолданылмайды.";

16) 40-бап мынадай мазмұндағы 1-3, 1-4 және 2-2-тармақшалармен толықтырылсын :

"1-3. Байланыс операторы байланыс қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға әкелуі мүмкін жеке байланыс желісіндегі ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын анықтайды.

1-4. Байланыс операторы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен байланыстың абоненттік құрылғысының интернетке қолжетімділігін:

байланыс қызметтерін тоқтата тұруға әкеп соғуы мүмкін ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғасын абонент жоймаған кезде;

ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің жұмыс істеуін тоқтата тұруға әкеп соғуы мүмкін ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығынан, Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығынан хабар болған кезде шектеуге міндетті.";

"2-2. Абонент байланыс операторы, Ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне ден қою қызметі анықтаған инциденттерді және оның абоненттік құрылғысындағы ақпараттық қауіпсіздік қауіптерін жояды.";

17) 41-1-бапта:

1, 1-1, 1-2, 2, 3, 3-1, 4, 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Байланыс желілері және (немесе) құралдары жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін қылмыстық мақсаттарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасын бұзатын, экстремистік және террористік әрекетті жүзеге асыруға, жаппай тәртіпсіздіктерге, сол сияқты белгіленген тәртіпті бұза отырып өткізілетін, кәмелетке толмағандарды сексуалдық қанауды және балалар порнографиясын насихаттайтын бұқаралық (жария) іс-шараларға қатысуға шақыруды қамтитын ақпаратты тарату үшін пайдаланылған жағдайларда, осы баптың 1

-2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасарлары Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына байланыс желілерінің және (немесе) құралдарының жұмысын, байланыс қызметтерінің көрсетілуін уақытша тоқтата тұру жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсыным енгізеді не ақпарат саласындағы уәкілетті органға интернет-ресурстарға қолжетімділікті және (немесе) оларда орналастырылған ақпаратты уақытша тоқтата тұру бойынша шаралар қабылдау туралы талаппен заң бұзушылықтарды жою туралы нұсқама енгізеді.

1-1. Таратылуына заңды күшіне енген сот актілерінде немесе Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған немесе өзгеше түрде шектеу қойылған, сондай-ақ қолжетімділігі Қазақстан Республикасы Бас прокурорының немесе оның орынбасарларының ақпарат саласындағы уәкілетті органға енгізілген заң бұзушылықты жою туралы ұсынымымен уақытша тоқтатыла тұрған ақпарат телекоммуникациялар желісі арқылы таратылған жағдайда, ақпарат саласындағы уәкілетті органның нұсқамасы бойынша байланыс операторлары және (немесе) мемлекеттік техникалық қызмет тыйым салынған ақпаратқа қол жеткізуді шектеу жөнінде дереу шаралар қабылдауға міндетті.

1-2. Кейінге қалдыруға болмайтын және ауыр және аса ауыр қылмыстардың, сондай-ақ қылмыстық топ дайындайтын және жасайтын қылмыстардың жасалуына әкеп соғуы мүмкін жағдайларда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, оның орынбасарлары немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдарының бастықтары не оларды алмастыратын адамдар кейіннен байланыс, ақпарат саласындағы уәкілетті органдарды және Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасын жиырма төрт сағат ішінде хабардар ете отырып, жедел-ізвестіру қызметінің барлық субъектілерінің мүддесіне орай байланыс желілерінің және (немесе) құралдарының жұмысын, байланыс қызметтерінің көрсетілуін, интернет-ресурстарға және (немесе) оларда орналастырылған ақпаратқа қол жеткізуді тоқтата тұруға құқылы.

Байланыс желілерінің және (немесе) құралдарының жұмысын, байланыс қызметтерінің көрсетілуін, интернет-ресурстарға және (немесе) оларда орналастырылған ақпаратқа қол жеткізуді тоқтата тұру тәртібі Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен келісу арқылы жедел-ізвестіру қызметі субъектілері мен байланыс және ақпарат саласындағы уәкілетті органдардың бірлескен нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары және (немесе) ақпарат саласындағы уәкілетті орган осы баптың 1-тармағында көрсетілген заң бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындау жөнінде шаралар қолдану туралы ұйғарымды алған кезден бастап бір сағат ішінде байланыс операторларына және (немесе) мемлекеттік техникалық қызметке орындау үшін жібереді.

3. Байланыс операторлары және (немесе) мемлекеттік техникалық қызмет:

1) ақпарат саласындағы уәкілетті органнан және (немесе) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарынан осы баптың 1, 1-1 және 1-2-тармақтарында көрсетілген нұсқаманы немесе шешімді орындау жөнінде шаралар қолдану туралы нұсқаманы алғаннан кейін оны байланыс желілерінің және (немесе) құралдарының жұмысын, байланыс қызметтерінің көрсетілуін, интернет-ресурстарға және (немесе) оларда орналастырылған ақпаратқа қол жеткізуді уақытша тоқтата тұру арқылы екі сағаттан аспайтын уақыт ішінде орындауға міндеті;

2) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, қажет болған жағдайда, құқық қорғау органдарымен бірлесіп байланыс желілерін және (немесе) құралдарын жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін қылмыстық мақсаттарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы заңнама бұзатын, экстремистік және террористік әрекеттерді жүзеге асыруға, жаппай тәртіпсіздіктерге, сол сияқты, белгіленген тәртіпті бұза отырып жүргізілетін бұқаралық (жария) іс-шараларға қатысуға шақыруды қамтитын ақпарат тарату үшін пайдаланатын адамды анықтайды.

3-1. Арнайы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары өз құзыреті шегінде осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпаратты таратқан адамды анықтау және жауапқа тарту жөнінде жедел-іздістіру, қарсы барлау және қылмыстық іс жүргізу шараларын қабылдайды.

Ақпарат саласындағы уәкілетті орган осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпаратты таратқан адамның атына хабарламаны алған кезден бастап алты сағат ішінде оны жою жөнінде шаралар қолдану талап етілген хабарлама жібереді.

4. Егер, байланыс желілерін және (немесе) құралдарын жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін қылмыстық мақсаттарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы заңнаманы бұзатын, экстремистік және террористік әрекеттерді жүзеге асыруға, жаппай тәртіпсіздіктерге, сол сияқты, белгіленген тәртіпті бұза отырып жүргізілетін бұқаралық (жария) іс-шараларға қатысуға шақыруды қамтитын ақпарат тарату үшін пайдаланған адам оны алып тастаған жағдайда, ол бұл туралы ақпарат саласындағы уәкілетті органға хабарлама жібереді.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген хабарламаны алғаннан және оның анықтығын тексергеннен кейін ақпарат саласындағы уәкілетті орган байланыс операторына және (немесе) мемлекеттік техникалық қызметке осы баптың 1-1 және 2-тармақтарында көрсетілген талаптың күшін жою туралы тапсырма береді.

6. Байланыс операторлары және (немесе) мемлекеттік техникалық қызмет ақпарат саласындағы уәкілетті органнан осы баптың 5-тармағында көрсетілген тапсырманы алғаннан кейін оны дереу орындауы тиіс.

7. Ақпарат саласындағы уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары, құқық қорғау органдары, байланыс операторлары және мемлекеттік техникалық қызмет, байланыс желілерінің және (немесе) байланыс құралдарының жұмысын тоқтата тұрудың, сондай-ақ интернет-ресурстарға және (немесе) оларда орналастырылған ақпаратқа қол жеткізуді уақытша тоқтата тұрудың осы бапта айқындалған тәртібін орындамағаны, үшін заңда белгіленген жауаптылықта болады.";

18. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат, №24, 148-құжат, 2007 ж., № 19, 148-құжат, 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат, № 18, 84-құжат, 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 21-құжат; № 12, 85-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19 -I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-II, 131-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 14, 54-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат, 39-құжат; № 8, 45-құжат):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 70-37) тармақшамен толықтырылсын:

"70-37) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, табиғи монополияларды реттеу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, газ және газбен жабдықтау, коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, энергетикалық және су ресурстарын тұтынуды есепке алу жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;"

2) 18-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін және (немесе) энергетикалық және су ресурстарын тұтынуды есепке алу жүйесін пайдалану жағдайларын қоспағанда, тұтынушылардың тұтынған электр энергиясы үшін төлемақы коммерциялық есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштері негізінде энергиямен жабдықтаушы ұйым берген төлем құжаты бойынша, ал олар болмаған немесе уақытша бұзылған кезде есептеу арқылы жүргізіледі."

19. "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 12, 44-құжат, 2007 ж., № 24, 178-құжат; 2009 ж., № 23, 111-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 6, 28-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 22-II, 145-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат):



3-2-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) балалары бар отбасыларды әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ақпараттық жүйелердің деректерін толтыруды және оларды өзекті етуді жүзеге асырады."

20. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 3, 19-құжат, 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 101-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 15, 78-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-V, 156, 158-құжаттар; 2016 ж., № 22, 116-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 14, 44-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат):

7-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері жеке және бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін тіркеу есебін жүзеге асыратын ақпараттық жүйелерге жатады."

21. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 95-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 50-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 37-құжат):

1) 7-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық тіркеу кезінде тіркеуші органның жүргізілген тіркеу туралы хабарлама жіберу арқылы оның туындағанын, өзгергенін немесе тоқтатылуын растау сәті жылжымайтын мүлікке құқықты (ауыртпалықты) мемлекеттік тіркеу сәті болып табылады."

2) 21-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу құқық иесінің, мәміле тараптарының (қатысушыларының), мемлекеттік органның (оның уәкілетті өкілінің) немесе өзге де уәкілетті адамдардың тіркеуші органға берген өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, Интернет арқылы берілген электрондық өтініш негізінде жүргізілуі мүмкін."

3) 24-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Электрондық нысандағы құжаттар электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы шарт тараптары мен уәкілетті ұйымдардың міндетті куәландыруына жатады.";

4) 27-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жай жазбаша нысанда жасалатын жылжымайтын мүлікпен мәміле бойынша қолма-қол ақшасыз нысанда есеп айырысу жүзеге асырылған жағдайда тіркеуші орган аталған хабарламаны, мәмілені қамтамасыз ету мақсатында банк шоты ашылған банктің ақпараттық жүйесіне жібереді.";

5) 31-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жай жазбаша нысанда жасалатын жылжымайтын мүлікпен мәміле бойынша қолма-қол ақшасыз нысанда есеп айырысу жүзеге асырылған жағдайда тіркеуші орган аталған хабарламаны, мәмілені қамтамасыз ету мақсатында банк шоты ашылған банктің ақпараттық жүйесіне жібереді.".

22. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; № 18, 142-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 7-құжат; № 7, 34-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 10, 52-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 10, 50-құжат; № 14, 72-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 9, 17, 18-құжаттар; № 13, 45-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 9, 31-құжат; № 10, 32-құжат; № 14, 42-құжат; № 15, 47, 48-құжаттар; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 3-4, 16-құжат; № 7, 36-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) білім беруді басқару жүйесінің операторы – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, білім беруді басқару жүйесін әдіснамалық және талдамалық қамтамасыз ету функциялары, білім беру мониторингі және білім берудің әкімшілік деректерін біріктіру халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттандыру объектілерін сүйемелдеу функциялары жүктелген, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;"

2) 5-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) білім беруді басқару жүйесінің білім беру мониторингін және оны ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;"

3) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Білім беру жүйесін басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз ету

1. Білім беру жүйесін басқару органдарын толық, дәйекті, салыстырмалы ақпаратпен уақтылы қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасында білім беруді тиімді басқарудың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін білім беру саласында ақпараттандыру объектілері құрылады.

2. Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілері жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін, білім беру мониторингінің деректерін, әкімшілік деректерді және білім беру саласындағы уәкілетті орган, жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде алған өзге де деректерді қамтиды.";

4) 43-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 11-4) тармақшамен толықтырылсын:

"11-4) білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттандыру объектілеріне әкімшілік деректерді беруді қамтамасыз етеді;"

5) 55-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Білім беру мониторингі білім беру жүйесінің сапасын сырттай және ішкі бағалау үшін әкімшілік деректері кешенінің және талдамалық бағалау көрсеткіштерінің көмегімен жүзеге асырылады.

Білім беру мониторингін жүргізу жөніндегі іс-шаралар кешенін білім беруді басқару жүйесі операторы іске асырады, ол:

1) білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректерді жинауды және өңдеуді жүргізеді;

2) жыл сайынғы "Білім беру жүйесінің статистикасы" ұлттық жинағын дайындайды және жариялайды;

3) білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы жыл сайынғы Ұлттық баяндама дайындайды."

23. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 14, 51-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 33-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Пилотсыз ұшу аппараты Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде Пилотсыз ұшу аппараттарын пайдалану қағидаларында және пилотсыз ұшу аппаратын пайдалану құжаттамасында белгіленген шарттар сақталып, адамдардың өміріне немесе

денсаулығына зиян келтіру, мүлікті зақымдау (бүлдіру) қатері, басқа әуе кемелері үшін қауіп барынша азайтылып пайдаланылуға тиіс.

2. Қалалардың немесе кенттердің халық тығыз орналасқан аудандарының үстінен пилотсыз ұшу аппаратының ұшуын орындау үшін оны пайдаланушы Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде Пилотсыз ұшу аппараттарын пайдалану қағидаларында белгіленген тәртіппен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органда осындай ұшуларды орындауға рұқсат алуға міндетті.";

2) 33-бап мынадай мазмұндағы 4- тармақпен толықтырылсын:

"4. Пилотсыз ұшу аппараттарының шекаралық белдеудің үстінен ұшуы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен, әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің органдарымен, әуе қозғалысын басқару органдарымен келісіледі.";

2) 82-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Пилотсыз ұшу аппаратын пайдалана отырып, авиациялық жұмыстарды орындау үшін оны пайдаланушы Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде Пилотсыз ұшу аппараттарын пайдалану қағидаларында белгіленген тәртіппен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымнан авиациялық жұмыстарды орындауға рұқсат алуға міндетті."

24. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 145, 148-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 15, 47-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 23, 91-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37-құжат):

1) 1-баптың 33) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"33) ұлттық даму институттары – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен акционерлік қоғамдардың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, қызметінің басты

мақсаты индустриялық және инновациялық даму және кәсіпкерлікті қолдау саласындағы жобаларды іске асыру болып табылатын қаржылық, консалтингтік, инновациялық, сервистік ұйымдар;"

2) 200-баптың 9-тармағында:

1), 3) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу үшін қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, енгізу және жаңғырту жөніндегі жобаны басқаруды жүзеге асырады;"

"3) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталының жұмыс істеуін және сүйемелденуін қамтамасыз етеді;"

"9) мемлекетке, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне тиесілі немесе мемлекеттің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің оларға қатысты мүліктік құқықтары бар бағалы қағаздарды номиналды ұстаушының функциясын жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) уәкілетті органның лицензиясынсыз электрондық нысанда мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталын пайдалана отырып, сауда-саттықты жүргізуге байланысты операцияларға қызмет көрсету үшін аударым операцияларын (жеке және заңды тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау) жүзеге асырады;"

25. "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 4, 29-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 12, 82-құжат; 2015 ж., № 19-II, 102-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2017 ж., № 14, 54-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

19-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту жөніндегі ақпарат индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға ол белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде ұлттық басқарушы холдинг атынан шоғырландырылған түрде ұсынылады."

26. "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері туралы" 2014 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 11, 62-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат):

2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының индустриялық және инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасы, инновациялық кластерге және Қорға, осы Заңда реттелмеген бөлігінде қолданылады."

27. "Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 2, 8-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-II, 72-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 49-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат):

6-бап мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:

"21-1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы, табиғи монополияларды реттеу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, электр энергетикасы, коммуналдық шаруашылық жөніндегі уәкілетті органдармен бірлесіп, энергетикалық ресурстарды және су ресурстарын тұтынуды есепке алу жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;"

28. "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 20-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 6-құжат; № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат ; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

"21) энергетикалық ресурстарды және су ресурстарын тұтынуды есепке алу жүйесі – суды, газды, электр және жылу энергиясын тұтынуды есепке алуды автоматтандыруға арналған өлшеу құралдары мен ақпараттандыру объектілерінің жиынтығы;"

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

"21) табиғи монополияларды реттеу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, электр энергетикасы, коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, тұтынуды есепке алу жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекітеді.";

3) 8-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Энергетикалық ресурстарды және су ресурстарын тұтынатын объектілердің құрылыс жобаларында энергия үнемдейтін материалдарды, тұтынуды есепке алу жүйесіне деректерді бере отырып энергетикалық ресурстарды және су ресурстарын есепке алу аспаптарын, жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйелерін міндетті пайдалану көзделеді.

Көппәтерлі тұрғын үйлердің жобаларында:

энергия үнемдейтін материалдарды;

жалпы үйдің жылу энергиясы мен суды есепке алу аспаптарын, пәтер бойынша электр және жылу энергиясын, суық және ыстық суды, газды есепке алу аспаптарын,

сондай-ақ жылыту жүйелеріндегі реттеуші аспаптарды, тұтынуды есепке алу жүйесінің техникалық құралдарын;

жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйелерін міндетті пайдалану көзделеді.

2. Тұтынуды есепке алу жүйесіне деректерді бере отырып, энергетикалық ресурстар мен суды есепке алу аспаптарымен:

жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйелерімен жарақталмаған энергетикалық ресурстарды және су ресурстарын тұтынатын жаңа объектілерді пайдалануға қабылдауға жол берілмейді.";

4) 11-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Тұтынуды есепке алу жүйесін енгізу, оның элементтерін сатып алу және орнату, оператор қызметі, сондай-ақ оның тауарлық газды, электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерімен өзара іс-қимыл тәртібі мен мерзімдері тұтынуды есепке алу жүйесін қалыптастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.";

5) 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заң:

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 5-баптың 9) тармақшасын;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 8-баптың 2-тармағының екінші абзацын;

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 8-баптың 2-тармағының үшінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғаннан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.".

29. "Телерадио хабарларын тарату туралы" 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 24-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2017 ж., № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 46-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат):

1) 1-баптың 5-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1) мемлекеттік радиожилік қызметі – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын;".

2) 5-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Заңның 31-бабында көзделген талаптардың сақталуы бөлігінде Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуына бақылау жүргізуді мемлекеттік радиожилік қызметті тарта отырып, телерадио хабарларын таратуды техникалық сүйемелдеу саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.".

30. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 5-6, 29-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 21-I, 121-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 154, 156-құжаттар; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 36-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат):

1) 4-баптың 1-тармағы б) тармақшасындағы "жүгінуге құқығы бар." деген сөздер "жүгінуге;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген цифрлық құжаттар сервисінен өзіне және отбасының кәмелетке толмаған мүшелеріне қатысты электрондық құжаттарды пайдалануға құқығы бар.";

2) 5-баптың 2-тармағы 12) тармақшасындағы "алуға міндетті." деген сөздер "алуға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметтер көрсету үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттарды пайдалануға міндетті.";

3) 8-бап мынадай мазмұндағы 8-2) тармақшамен толықтырылсын:

"8-2) дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, жеке тұлғаларды биометриялық аутентификаттау үшін мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы биометриялық деректерді жинау, өңдеу және сақтау қағидаларын бекітеді;"

4) 11-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) мемлекеттік қызметтер көрсету саласында жеке тұлғалардың биометриялық деректерін жинауды, өңдеуді және сақтауды жүзеге асырады;

6-2) мемлекеттік қызметтер көрсету шеңберінде биометриялық аутентификаттау үшін пайдаланылатын жеке тұлғалардың биометриялық дерек қорын жүргізуді жүзеге асырады;"

31. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 7, 35-құжат; 2015 ж., № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2017 ж., № 16, 56-құжат; 2017 ж., № 24, 115-құжат):

1) мазмұнында 25-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Меншік иесінің және (немесе) оператордың, дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаның құқықтары мен міндеттері";

2) 1-бап мынадай мазмұндағы 18) және 19) тармақшалармен толықтырылсын:



"18) дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – дербес деректерді қорғау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

19) дербес деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету сервисі – дербес деректер субъектілерінің құқықтарын іске асыру мақсатында дербес деректерді қамтитын базаның меншік иелерінің және (немесе) операторларының дербес деректер субъектілерімен ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін қызмет.";

3) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Дербес деректерге қолжетімділік

Қолжетімді дербес деректер жалпыға қолжетімді және шектеулі қолжетімді болып бөлінеді.

Жалпыға бірдей қолжетімді дербес деректер - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құпиялылықты сақтау талаптары қолданылмайтын, оларға қол жеткізу субъектінің келісімімен еркін болып табылатын дербес деректер немесе мәліметтер.

Халықты ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында дербес деректердің жалпыға қолжетімді көздері (оның ішінде өмірбаяндық анықтамалықтар, телефондық, мекенжай кітаптары, жалпыға қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстар, бұқаралық ақпарат құралдары) пайдаланылады.

Жиналуы және өңделуі Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып жасалған дербес деректер субъектісі туралы мәліметтер дербес деректер субъектісінің талабы бойынша не соттың немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімі бойынша кез келген уақытта дербес деректердің жалпыға қолжетімді көздерінен алып тасталуға тиіс.

Субъектінің дербес деректерін дербес деректердің жалпыға бірдей қолжетімді көздерінде таратуға келісімін кері қайтарып алу кезінде туындайтын, дербес деректерді жалпыға бірдей қолжетімді көздерден жоюға байланысты шығыстар сот шешімі бойынша меншік иесіне, операторға, үшінші тұлғаға немесе субъектіге сот шешімі бойынша жүктеледі.

Бұл ретте жалпыға бірдей қолжетімді көздерден дербес деректерді жою кезінде туындайтын шығыстар меншік иесіне және (немесе) операторға, үшінші тұлғаға жүктеледі.

Субъектінің өзінің дербес деректерін жалпыға қолжетімді дербес деректердің көздерінде таратуға келісімін кері қайтарып алу кезінде туындайтын, жалпыға қолжетімді көздерден дербес деректерді жоюға байланысты шығыстардың көлемі, сондай-ақ осы шығыстар жүктелетін адамдар қажеттілік туындаған жағдайда сот тәртібімен айқындалады.

Қолжетімділігі шектеулі дербес деректер - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қол жеткізу шектелген дербес деректер.";

4) 7-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның 9-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес деректерді жинауды, өңдеуді субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен меншік иесі және (немесе) оператор дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Дербес деректерді өңдеу нақты, алдын ала айқындалған және заңды мақсаттарға жетумен шектелуі тиіс. Дербес деректерді жинау мақсаттарымен үйлеспейтін дербес деректерді өңдеуге жол берілмейді.

5. Мазмұны мен көлемі өңдеу мақсаттарына қатысты артық болып табылатын дербес деректер өңдеуге жатпайды.";

5) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Субъектінің дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім беру (кері қайтарып алу) тәртібі

1. Субъект немесе оның заңды өкілі дербес деректерді жинауға, өңдеуге жазбаша, электрондық құжат нысанында немесе дербес деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету сервисі арқылы не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғау іс-әрекетінің элементтерін қолдану арқылы өзге де тәсілмен келісім береді (кері қайтарып алады).

2. Субъект немесе оның заңды өкілі дербес деректерді жинауға, өңдеуге берген келісімді, егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келсе не орындалмаған міндеттемесі болған кезде кері қайтарып ала алмайды.

3. Субъект "электрондық үкімет" веб-порталында пайдаланушы кабинеті, дербес деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету сервисі арқылы, сондай-ақ субъектінің "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген ұялы байланысының абоненттік номері арқылы "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде бір реттік парольді жіберу жолымен немесе қысқа мәтіндік хабар жөнелту жолымен дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім беруге құқылы.";

6) 10-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріндегі дербес деректерді үшінші тұлғалар "электрондық үкімет" веб-порталындағы пайдаланушы кабинетінен берілген субъектінің келісімі болған жағдайда "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы, сондай-ақ субъектінің "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде бір реттік парольді жіберу жолымен немесе қысқа мәтіндік хабар жөнелту жолымен немесе деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету сервисі арқылы ала алады.";

7) 14-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Дербес деректерді өңдеу нақты, алдын ала айқындалған және заңды мақсаттарға жетумен шектелуі тиіс. Дербес деректерді жинау мақсаттарымен үйлеспейтін дербес деректерді өңдеуге жол берілмейді.";

8) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Дербес деректерді иесіздендіру

Дербес деректерді статистикалық, социологиялық, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін жинау және өңдеу кезінде меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға оларды иесіздендіруге міндетті.

Мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру мақсатында деректер талдауды іске асыру үшін дербес деректерді жинау және өңдеу кезінде оларды иесіздендіру міндетті шарты болып табылады, ол ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру мақсатында деректер талдауды іске асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды жинау, өңдеу, сақтау, беру жөніндегі қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.";

9) мынадай мазмұндағы 23-1-баппен толықтырылсын:

"23-1-бап. Киберсақтандыру

1. Киберсақтандырудың мақсаты дербес деректер субъектісіне, меншік иесіне және (немесе) операторға, үшінші тұлғаларға келтірілген мүліктік зиянды өтеу болып табылады.

2. Ерікті киберсақтандыруды жеке және заңды тұлғалар өздерінің ерік білдіруіне байланысты жүзеге асырады. Ерікті киберсақтандырудың түрлері, шарттары мен тәртібі сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы шарттарда айқындалады.";

10) 25-бапта:

25-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Меншік иесінің және (немесе) оператордың, дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаның құқықтары мен міндеттері";

2-тармақ 8) тармақшадағы "алып тастауға міндетті." деген сөздер "алып тастауға;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен және екінші бөлікпен толықтырылсын:

"9) дербес деректер субъектісіне немесе оның заңды өкіліне осы дербес деректер субъектісіне жататын дербес деректермен танысу мүмкіндігін өтеусіз беруге;

10) егер меншік иесі және (немесе) оператор заңды тұлға болып табылған жағдайда дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаны тағайындауға міндетті.

Осы тармақтың 10) тармақшасының күші соттар мен сот органдарының қызметінде дербес деректерді өңдеуге қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлға:

1) оператор мен оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасын, оның ішінде дербес деректерді қорғауға қойылатын талаптарды сақтауына ішкі бақылауды жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасының, дербес деректерді өңдеу мәселелері жөніндегі жергілікті актілердің ережелерін, дербес деректерді қорғауға қойылатын талаптарды оператор жұмыскерлерінің назарына жеткізуге;

3) субъектілердің немесе олардың өкілдерінің өтініштері мен сұрау салуларын қабылдау мен өңдеуге бақылауды жүзеге асыруға міндетті.";

11) мынадай мазмұндағы 27-1-баппен толықтырылсын:

"27-1. Дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

1. Дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) дербес деректерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

2) меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;

3) дербес деректер субъектісінің дербес деректер мазмұнының және оларды өңдеу тәсілдерінің оларды өңдеу мақсаттарына сәйкестігі туралы өтініштерін қарайды және тиісті шешім қабылдайды;

4) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзуға жол берген тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қолданады;

5) дербес деректер операторынан анық емес немесе заңсыз жолмен алынған дербес деректерді нақтылауды, бұғаттауды немесе жоюды талап етеді;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметіне дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғауды нормативтік құқықтық реттеуді жетілдіру туралы ұсыныстар енгізеді;

7) дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғауды жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асырады;

8) дербес деректерді жинау, өңдеу және сақтау қағидаларын бекітеді;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органға өзінің қызметін жүзеге асыру барысында белгілі болған дербес деректерге қатысты дербес деректердің құпиялылығы қамтамасыз етілуге тиіс."

32. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 7, 36-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1

, 2-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-II, 103, 104-құжаттар; № 20-I, 111-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 56-құжаттар; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 23, 91-құжат; № 24, 93, 94-құжаттар):

- 1) 1-баптың 23) тармақшасы алып тасталсын;
- 2) 6-бап алып тасталсын;
- 3) 12-баптың 1-тармағының 70-20) тармақшасы алып тасталсын.

33. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 43-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 14, 49-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 8, 45-құжат):

33-бапта:

- 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) шұғыл шақыру ақпараттық жүйесін құру және дамыту бойынша жобаны басқару";

- 5) тармақша алып тасталсын.

34. "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-VII, 118-құжат; 2018 ж., № 11, 50-құжат):

5-бапта:

- 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жөніндегі шараларды іске асыру және шаралардың тиімділігі туралы ақпаратты уәкілетті органға беру";

мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2), 4-3), 4-4) және 4-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды ынталандыру жөніндегі шараларды жоспарлау, іске асыру;

4-2) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі бағдарламаны іске асыруға қатысу;

4-3) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларын іске асыру мониторингін жүзеге асыру;

4-4) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру тәртібін әзірлеуге қатысу;

4-5) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына сараптама ұйымдастыру және оның жүргізу тәртібін әзірлеуге қатысу;"

35. "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-I, 142-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 13, 45-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 22, 83-құжат; № 23, 91-құжат; № 24, 94-құжат, 2019 ж., № 7, 39-құжат):

19-баптың 4-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің ақпараттық жүйесі мен электрондық ақпараттық ресурстарын құру және дамыту жөніндегі жобаны басқаруды жүзеге асырады."

36. "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-V, 155-құжат; 2016 ж., № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 20, 96-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 5-6, 27-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 7-1-1, 18-1, 33-1, 36-1 және 41-1-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"7-1-1-бап. Электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті органның құзыреті";

"18-1-бап. Зияткерлік робот иесінің және меншік иесінің құқықтары мен міндеттері"

;

"33-1-бап. Цифрлық активтер айналымының құқықтық режимі";

"36-1-бап. Ұлттық бейнемониторинг жүйесі";

"41-1-бап. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін есептен шығару";

2) 1-бапта:

24), 30-4), 33-1) 33-2), 50), 54), 55), 57), 64) және 65) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"24) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері – жұмыс істеуінің бұзылуы немесе тоқтауы әлеуметтік және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайға немесе қорғаныс, қауіпсіздік, халықаралық қатынастар, экономика, шаруашылықтың жекелеген салалары үшін немесе тиісті аумақта тұратын халықтың тыныс-тіршілігі, оның ішінде: жылумен жабдықтау; электрмен жабдықтау; газбен жабдықтау; сумен жабдықтау; өнеркәсіп; денсаулық сақтау; байланыс; банк саласы; көлік; гидротехникалық құрылыстар; құқық қорғау қызметі; "электрондық үкімет" инфрақұрылымы үшін елеулі теріс салдарларға әкеп соғатын ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілері;"

"30-4) ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметі – ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары және ақпараттық қауіпсіздіктің өзекті қатерлері туралы ақпаратты жинауды және талдауды жүзеге асыратын, сондай-ақ оларды жою жөнінде ұсынымдар беретін заңды тұлға немесе заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі;"

"33-1) "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркі – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы инновациялық қызметті іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасалатын бірыңғай материалдық-техникалық кешенге меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иелік ететін заңды тұлға;

33-2) "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркіне қатысушыларды акселерациялау – "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркіне қатысушыларды ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы өздерінің инновациялық жобаларын іске асыруға дайындау мен оқыту процесі;"

"50) мемлекеттік техникалық қызмет – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам;"

"54) техникалық қолдау – лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етудің және техникалық құралдардың жұмыс істеу қабілеттілігін қолдау жөнінде консультациялық, ақпараттық-технологиялық және өзге де қызметтерді көрсету;

55) техникалық құжаттама – техникалық тапсырманы, пайдалану және өзге де құжаттаманы қамтитын ақпараттандыру объектісіне арналған құжаттама жиынтығы;"

"57) электрондық ақпараттық ресурстар – электрондық жеткізгіште және ақпараттандыру объектілерінде қамтылатын электрондық-цифрлық нысандағы ақпарат;"

"64) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері – мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар, мемлекеттік органдардың бағдарламалық қамтамасыз ету, мемлекеттік органның интернет-ресурсы, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілері, оның ішінде мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру және мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған өзге де тұлғалардың ақпараттандыру объектілері;

65) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мониторингінің жүйесі - ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қауіпсіз пайдалану мониторингін жүргізуге бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар;"

мынадай мазмұндағы 25-1), 38-1), 45-1), 46-1), 55-1), 55-2), 56-1), 62-2), 73) және 74) және тармақшалармен толықтырылсын:

"25-1) деректердің таратылған платформасы – құрамбөліктері бір-бірімен берілген алгоритмдермен байланысқан желінің әр түрлі тораптарында орналастырылған, бір немесе одан да көп иесі болуы мүмкін, сондай-ақ деректер ұқсастығының әртүрлі деңгейіне ие болуы мүмкін технологиялық платформа;"

"38-1) блокчейн – тұтастықты растау алгоритмдері мен шифрлеу құралдары деректер блоктарының тізбектері негізінде деректердің таратылған платформасындағы ақпараттың өзгерместігін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық технология;

"45-1) интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігі – Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан аппараттық-бағдарламалық кешендерде орналастырылатын интернет-ресурстар жиынтығы;"

"46-1) биометриялық аутентификация – физиологиялық және биологиялық өзгермес белгілер негізінде жеке басты растауға бағытталған шаралар кешені;"

"55-1) цифрлық актив – бұл криптография және компьютерлік есептеу құралдарын пайдалана отырып, электрондық-цифрлық нысанда құрылған, базалық активтері бағалы қағаздар болып табылатын, ақша, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары болып табылмайтын мүлік, сондай-ақ мүліктік құқықтарды куәландырудың электрондық-цифрлық нысаны;

55-2) цифрлық майнинг – блокчейн негізінде ақпараттандыру объектілеріндегі деректер блоктарының бүтіндігін растауды қамтамасыз ететін берілген алгоритмдерге сәйкес деректерді шифрлеудің және өңдеудің есептеу операцияларын жүргізу процесі;"

"56-1) цифрлық токен – мүліктік құқықтарды есепке алудың, айырбастаудың және куәландырудың цифрлық құралы болып табылатын цифрлық активтің түрі;"

"62-2) цифрлық құжаттар сервисі – операторға бекітілген және мемлекеттік функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді іске асыру мақсатында, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау, электрондық нысанда қызметтер алу және көрсету кезінде электрондық құжаттарды жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектісі;"

"73) электрондық өнеркәсіп – тұтынушыларға арналған компьютерлер, компьютерлік перифериялық жабдықтар, коммуникациялық жабдықтар, электрондық аспаптар, ғарышқа арналған өлшеу, тестілеу және авиациялық, радиациялық-тұрақты компоненттер, магниттік және оптикалық ортаны зерттеуге арналған электрмедициналық және электротерапиялық жабдықтар, оптикалық аспаптар мен жабдықтар, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп өнімдеріне арналған тораптар (интегралды микросхемалар, "активті" және "пассивті" электрондық компоненттер) мен қосалқы бөлшектер сияқты құрылғыларды әзірлеуді, жинауды, сынауды және өндіруді қамтитын өнеркәсіп саласы;

74) зияткерлік робот – қабылданған және танылған сыртқы ортаны ескере отырып, белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасайтын автоматтандырылған құрылғы;"

3) 4-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:



"2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның құрылымына кіретін ұйымдар "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерімен интеграцияланбайтын интернет-ресурстарды, ақпараттық жүйелерді құру немесе дамыту, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік функцияларды іске асыру мақсатында деректерді талдауды жүзеге асыру мақсатында электрондық ақпараттық ресурстарды жинау, өңдеу, сақтау, тарату жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырған, ақпараттандыру саласында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізген кезде туындайтын қатынастарға қолданылмайды.";

4) 5-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) ақпараттандыру саласында бірыңғай ғылыми, техникалық, индустриялық және инновациялық саясатты қалыптастыру және іске асыру;";

5) 7-бапта:

5), 6) және 13) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5) операторға бекітіліп берілетін "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін бекітеді;";

"6) операторға бекітіліп берілетін "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекітеді;";

"13) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларын бекітеді;";

мынадай мазмұндағы 57-1), 63-3) және 63-4) тармақшалармен толықтырылсын;

"57-1) қамтамасыз етілген цифрлық активтерді пайдалану мен олардың айналымын шығару тәртібін бекітеді;";

"63-3) дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік функцияларды іске асыру мақсатында деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды жинау, өңдеу, сақтау жөніндегі қағидаларды бекітеді;

63-4) цифрлық құжаттар сервисін пайдалана отырып, электрондық құжаттарды қалыптастыру, тексеру және пайдалану қағидаларын бекітеді;";

6) 7-1-бапта:

мынадай мазмұндағы 12-1) және 17-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру парақтарын, тәуекелді бағалау өлшемшарттарын, бару арқылы профилактикалық бақылау тізімін бекітеді;";

"17-1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзінің және "электрондық үкіметтің" электрондық поштасының бірыңғай шлюзінің жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;"

7), 17) және 20) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мониторинг жүргізу қағидаларын бекітеді;"

"17) электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасының жұмыс істеу қағидаларын, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің электрондық ақпараттық ресурстарын резервтік көшірудің мерзімділігін бекітеді;"

"20) ақпараттық жүйелердің, техникалық, бағдарламалық-техникалық және бағдарламалық құралдардың (бұйымдардың), ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарының ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растау жөніндегі қағидаларды бекітеді;"

7) мынадай мазмұндағы 7-1-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-1-бап. Электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган:

1) электрондық өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуді қоса алғанда, электрондық өнеркәсіп саласындағы жобалар мен бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

3) электрондық өнеркәсіп саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;

4) электрондық өнеркәсіп саласындағы жобалардың салалық сараптамасын жүзеге асырады;

5) өз құзыреті шегінде электрондық өнеркәсіп саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және қабылдайды;

6) электрондық өнеркәсіп саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады және халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді;

7) электрондық өнеркәсіптің сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымының және өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын, сондай-ақ электрондық өнеркәсіптің сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымының және өнімінің тізіліміне енгізу жөніндегі өлшемшарттар қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8) Осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

8) 7-2-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығына ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығына қосылған "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің оқиғаларын тіркеу журналдарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді;"

9) 7-3-баптың 1-тармағында:

1) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары және ақпараттық қауіпсіздіктің өзекті қатерлері туралы ақпаратты жинау мен талдауды жүзеге асырады, сондай-ақ оларды жою жөнінде ұсынымдар береді;"

"3) ақпараттандыру объектілерінің меншік иелеріне және иеленушілеріне сондай-ақ Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығына ақпараттық қауіпсіздіктің белгілі болған оқыс оқиғалары мен қатерлері туралы хабарлайды;"

10) 7-4-баптың 1-тармағында:

4) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығының ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;"

"8) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің электрондық ақпараттық ресурстарын резервтік көшірудің мерзімділігін белгілейді;"

5) және 6) тармақшалар алып тасталсын:

11) 9-бап мынадай мазмұндағы 17-1), 17-2) және 18-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"17-1) мемлекеттік органның құзыреті саласындағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне жататын объектілерді айқындайды;

17-2) қаржы нарықтарын реттеу және дамыту саласындағы уәкілетті органды және арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда, Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығының қызметкерлеріне ақпараттандыру объектілеріне қол жеткізе отырып, жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді;"

"18-1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметін қоспағанда, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен операторға мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру мақсатында деректерді талдауды іске асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарға рұқсат береді;"

12) 10-бап мынадай мазмұндағы 16-1) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"16-1) жергілікті атқарушы органның құзыреті саласындағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілер саласына жататын объектілерді айқындайды;"

"18) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен операторға мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру мақсатында деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарға рұқсат береді;"

13) 11-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы инновациялық қызметті ынталандыруға қолайлы жағдайлар жасау мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы ұлттық даму институтын айқындайды.";

2-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Заңның 61-бабына және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамытуды мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруды жүзеге асырады;"

"2) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында ақпараттық-талдамалық және консультациялық қызметтер көрсетеді, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында сараптамалық қорытындылар және (немесе) ұсынымдар береді;"

3) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының дамуын ынталандыру және инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.";

14) 12-бап мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) уәкілетті органға ақпараттандыру саласындағы тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің мемлекеттік сатып алу шығыстарын есептеуге сараптама береді;"

15) 13-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілеріне жүйелі-техникалық қызмет көрсетуді және сүйемелдеуді жүзеге асырады;"

8) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру мақсатында деректерді талдауды іске асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды жинауды, өңдеуді және сақтауды жүзеге асырады;"

16) 14-бапта:

1-тармақта:

13) тармақша алып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығының ақпараттандыру объектілерінің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді анықтау, талдау және болғызбау бөлігінде ақпаратты қорғау құралдарын әзірлеу жөніндегі жұмысты жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік техникалық қызмет шығаратын және (немесе) өткізетін осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларға (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағаны Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілейді.";

17) 16-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Квазимемлекеттік сектор субъектілері уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік функцияларды іске асыру мақсатында деректерді талдау үшін өздерінің электрондық ақпараттық ресурстарын ұсынады;"

18) 17-бапта:

2-1-тармақта:

1) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ақпараттық қауіпсіздіктің меншікті жедел орталығын құруға және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының қызметін үшінші тұлғалардан сатып алуға;"

"4) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беруді жүзеге асыруға міндетті.

Электрондық ақпараттық ресурстың иеленушісін қоспағанда, электрондық ақпараттық ресурстарды резервтік сақтаудың бірыңғай платформасында сақтаудағы электрондық ақпараттық ресурстың көшірмелеріне қол жеткізуге тыйым салынады.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Заңмен қорғалған құпияны қамтитын, деректерді өңдейтін нарық субъектілері жылына кемінде бір рет ақпараттық қауіпсіздік аудитін жүргізеді.";

19) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

"18-1-бап. Зияткерлік робот иесінің және меншік иесінің құқықтары мен міндеттері

Зияткерлік роботтың меншік иесі мен иеленушісі арасындағы құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында реттеледі.";

20) 30-баптың 1-1-тармағы алып тасталсын;

21) 31-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы мемлекеттік техникалық қызметке, операторға "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталына, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік бойынша талаптарды айқындау бөлігінде жіктеуішті қалыптастыруға және жүргізуге қатысу үшін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.";

22) мынадай мазмұндағы 33-1-баппен толықтырылсын:

"33-1-бап. Цифрлық активтер айналымының құқықтық режимі

1. Цифрлық актив төлем құралы болып табылмайды.

2. Цифрлық активтер қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген болып табылады.

Қамтамасыз етілген цифрлық активтерге цифрлық токен және қамтамасыз етілген цифрлық активтер шығарған тұлға шығаратын (ұсынатын) тауарларға және (немесе) қызметтерге мүліктік құқықты куәландыратын цифрлық құрал болып табылатын цифрлық активтер жатады. Қамтамасыз етілген цифрлық активтердің түрлерін, сондай-ақ токенмен куәландырылатын құқықтар тізбесін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен цифрлық токенді шығаратын тұлға белгілейді.

Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен блокчейндегі консенсусты қолдауға қатысқаны үшін сыйақы ретінде алынған цифрлық токендер жатады.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығаруға және олардың айналымына тыйым салынады.

4. Цифрлық актив бағалы қағаздарға, шығарылатын қаржы құралдарына, бағалы қағаздар базалық активтер болып табылатын және оны меншік иесіне немесе иеленушісіне ұсынбайтын заңды тұлғаға қатысты құқықтарды қамтамасыз етпейді.

5. Цифрлық активке құқық Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылған деректер платформасында цифрлық активті шығаратын тұлғаның блокчейндегі жазбасы арқылы куәландырылады.

6. Ақпараттық жүйеге цифрлық активті немесе оған құқықтарды беру туралы мәліметтерді енгізуге мынадай шарттар орындалған кезде жол беріледі:

1) мәліметтерді енгізуді жүзеге асырған тұлға белгіленген талаптарға сәйкес деректердің таратылған платформасында цифрлық активті шығаратын тұлғаның ақпараттық жүйесіне қол жеткізе алады;

2) деректердің таратылған платформасында цифрлық активті шығаратын тұлғаның ақпараттық жүйесі ақпараттандыру саласындағы заңнамалық актіде белгіленген талаптарға жауап береді.

7. Шығарылатын цифрлық активтердің ақпараттық жүйесіне рұқсаты бар меншік иесі, иеленуші және пайдаланушы валидацияның берілген алгоритіміне сәйкес

өзгерістер енгізудің тең құқықтарына ие. Бұл ретте өзгерістер ақпараттық жүйенің барлық пайдаланушыларында үйлестіріледі.

8. Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлға цифрлық майнинг нәтижесінде пайда болған цифрлық активтердің меншік иесі болады.";

23) 34-бап мынадай мазмұндағы 5, 6, 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді және өзге де қызметтерді электрондық нысанда алу, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл үшін қажетті электрондық құжаттар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен цифрлық құжаттардың сервисі арқылы қалыптастырылуы және (немесе) сақталуы мүмкін.

6. Электрондық құжаттар цифрлық құжаттардың сервисінде мемлекеттік органдардың не басқа да ақпараттық жүйелерінің мәліметтері негізінде қалыптастырылады.

7. Цифрлық құжаттардың сервисінде электрондық құжаттарды қалыптастыруға сұрау салу және сұрау салуды өңдеу нәтижелерін алу, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

8. Үшінші тұлғалардың цифрлық құжаттардың сервисінде сақталған электрондық құжаттарға қол жеткізуі, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен пайдаланушының келісуімен жүзеге асырылады.";

24) 35-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мемлекеттік функцияларды іске асыру мақсатында деректерді талдауды іске асыру үшін құпия электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу тәртібі электрондық ақпараттық ресурстарды иесіздендіруді қамтамасыз ету ескеріле отырып жүзеге асырылады, деректер операторға мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру мақсатында деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды жинау, өңдеу, сақтау жөніндегі қағидаларға сәйкес ұсынылады.";

25) 36-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік функцияларды іске асыру мақсатында деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарды жинау, өңдеу, сақтау жөніндегі қағидаларға сәйкес иесіздендіру шартымен мемлекеттік қызметтерді іске асыру мақсатында деректерді талдауды іске асыру үшін пайдаланылады.";

26) мынадай мазмұндағы 36-1-баппен толықтырылсын:

"36-1-бап. Ұлттық бейнемониторинг жүйесі

1. Ұлттық бейнемониторинг жүйесі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлеуметтік және экономикалық дамуын ақпараттық қамтамасыз ету міндеттерін шешу үшін видеобейнелерді жинауды, өңдеуді және сақтауды жүзеге асыратын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығын білдіретін ақпараттық жүйе болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделмеген міндеттерді шешу үшін Ұлттық бейнемониторинг жүйесі алған мәліметтерді пайдалануға жол берілмейді.

3. Ұлттық бейнемониторинг жүйесіне міндетті түрде қосылуға жататын объектілердің санаттары:

1) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бейнебақылау жүйелері;

2) террористік тұрғыдан осал объектілерді бейнебақылау жүйелері;

3) қоғамдық және жол қауіпсіздігін бейнебақылау жүйелері.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметімен келісу бойынша Ұлттық бейнемониторинг жүйесіне міндетті түрде қосылуға жататын объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайды.

4. Арнайы мемлекеттік органдар мен ішкі істер органдары бейнемониторингтің ұлттық жүйесін пайдаланушылар болып табылады.

Бейнемониторингтің ұлттық жүйесін пайдалануға құқығы бар қызметтердің, бөлімшелердің және қызметкерлер санаттарының тізбесін арнаулы мемлекеттік органдардың және ішкі істер органдарының басшылары айқындайды.

Бейнемониторингтің ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі нәтижесінде алынған мәліметтер заңдарда айқындалған жағдайларда өзге де мемлекеттік органдарға берілуі мүмкін.

5. Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті бекітеді.";

27) 38-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) Ақпараттық қауіпсіздіктің меншікті жедел орталығын құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардан ақпараттық қауіпсіздіктің жедел қызметін сатып алу;"

28) 41 баптың 4 тармағы алып тасталсын;

29) мынадай мазмұндағы 41-1-баппен толықтырылсын:

"41-1-бап. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін есептен шығару

1. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін есептен шығару сараптама кеңесінің ұсынымы негізінде немесе мемлекеттік органның бекітілген архитектурасына сәйкес меншік иесі қабылдаған шешім бойынша Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді есептен шығаруды мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің меншік иесі жүзеге асырады.";

30) 53-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:



"6) Телекоммуникация желілерінің абоненттері және телекоммуникация хабарламалары туралы қызметтік ақпаратқа санкцияланбаған және (немесе) әдейі ойластырылмаған қолжеткізуге жол бермеу.

Телекоммуникация желілерінің абоненттік құрылғыларының жұмысын санкцияланбаған және (немесе) әдейі емес бұғаттауға жол бермеу.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) Телекоммуникация желілерінің абоненттері және телекоммуникация хабарламалары туралы қызметтік ақпаратқа санкцияланбаған және (немесе) әдейі емес қол жеткізу;

Телекоммуникация желілерінің абоненттік құрылғыларының жұмысын санкцияланбаған және (немесе) әдейі емес бұғаттау.";

31) 54-бап мынадай мазмұндағы 3-2 және 3-3-тармақтармен толықтырылсын:

"3-2. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің меншік иелері мен иелері, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланғанға дейін:

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкестендіру жөнінде шаралар қабылдайды;

ақпараттық қауіпсіздіктің жеке жедел орталығын құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздігінің жедел орталығының қызметтерін сатып алады, сондай-ақ оның Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығымен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

3-3. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің меншік иелері мен иелері, мемлекеттік органдарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, мемлекеттік заңды тұлғаларды, квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің тізбесіне бір жыл ішінде қосылған күннен бастап:

ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласына жатқызылған, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкестендіру жөнінде шаралар қабылдайды;

ақпараттық қауіпсіздіктің жеке жедел орталығын құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздігінің жедел орталығының қызметтерін сатып алады, сондай-ақ оның Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығымен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.";

32) мынадай мазмұндағы 56-1-баппен толықтырылсын:

"56-1-бап. Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік аттарды қорғау

1. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан .KZ және (немесе) .ҚАЗ домендік атымен тіркелген интернет-ресурсы аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылады.

2. Интернет-ресурстармен деректерді беру кезінде интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде .KZ және (немесе) .ҚАЗ домендік аттарды пайдалану қауіпсіздік сертификаттарын қолдану арқылы жүзеге асырылады.";

33) 59-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің республикалық және жергілікті жобалары шеңберінде "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасы, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспар Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасына сәйкес уәкілетті органмен және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.";

34) 61-бапта:

2-тармақ пен 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы ұлттық даму институты өз қызметін осы Заңға және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырады.";

"4. Мемлекеттік қолдау қағидаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген шаралардан басқа, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының дамуы жөніндегі шаралар мыналар:";

4-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жобаларды қаржыландыру;";

4) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) субъектілердің жарғылық капиталдарына қатысу жолымен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жобаларға инвестицияларды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен шетел қатысатын заңды тұлғаларды құру болып табылады.".

37. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж.,

№ 7-I, 48-құжат; 2017 ж., № 13, 45-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 15, 50-құжат; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат):

1) 1-баптың 5-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1) "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы – еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын қамтитын ақпараттық жүйе;"

2) 7-баптың 26-4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"26-4) "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталды қолдап отыруды ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

3) 8-баптың 2-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталын қолдап отыру және жүйелік-техникалық қызмет көрсету, ақпараттандырудың өзге объектілерімен интеграциялау, сондай-ақ әлеуметтік-еңбек саласындағы деректерді талдау және өңдеу;"

2-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталын дамыту жөніндегі жобаларды басқаруды жүзеге асырады.";

4) 28-бапта:

1-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) сұранысқа ие мамандықтар бөлінісінде ағымдағы бос орындарды және жұмыс орындарын болжамды құру туралы деректерді еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасына, оның ішінде "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы беру;"

2-тармақтың 1), 2) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік сайланбалы қызметтердің, Парламент және мәслихаттар депутаттарының, Қазақстан Республикасы судьяларының, әскери қызметте тұрған адамдардың, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік фельдъегерлік қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның ведомстволары жұмыскерлерінің бос лауазымдарын қоспағанда, бос жұмыс орындарының (бос лауазымдардың) бар екендігі туралы мәліметтерді еңбек жағдайлары мен төлемақысын көрсете отырып, олар пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына жазбаша түрде немесе "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы жіберуге;

2) жұмыс беруші – жеке тұлға қызметінің тоқтатылуына не жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына, адам санының немесе штаттың қысқартылуына, жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндірістер және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты алдағы уақытта жұмыскерлердің жұмыстан босайтыны туралы, жұмыстан

босатылуы мүмкін жұмыскерлердің саны мен санаттары туралы ақпаратты босатылатын жұмыскерлердің лауазымдары мен кәсіптерін, мамандықтарын, біліктілігін және еңбегіне ақы төлеу мөлшерін және олар жұмыстан босатылатын мерзімдерді көрсете отырып, жұмыстан босату басталғанға дейін кемінде бір ай бұрын халықты жұмыспен қамту орталығына жазбаша түрде немесе "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы толық көлемде беруге;"

"4) жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы уақтылы (жұмысқа орналастыру үшін жіберген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде) халықты жұмыспен қамту орталығына жазбаша түрде немесе "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы хабарлауға;"

5) 30-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықты жұмыспен қамту саласында көрсетілетін қызметтердің аутсорсингі туралы шарт жасасу жөніндегі ақпаратты халықты жұмыспен қамту орталығы ол жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталында орналастырылады.";

6) 31-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) кәсіптер (мамандықтар) бөлінісінде еңбек делдалдығы үшін өтініш жасаған және жұмысқа орналасқан адамдардың саны туралы ақпаратты тоқсан сайын халықты жұмыспен қамту орталығына жазбаша түрде немесе "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы тоқсан сайын беруге;"

38. 2016 жылғы 26 шілдедегі "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 12, 86-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 53-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат, № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 37-құжат; 2019 жылғы 5 шілдедегі "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда"):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 35-1) тармақшамен толықтырылсын:

"35-1) мезеттік төлемдер жүйесі – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ақшаны пайдалана отырып, төлем ұйымдары бенефициардың пайдасына ақшаны дереу есепке алуды және ақша жөнелтушіге хабарлауды қамтамасыз ете отырып, оның қатысушылары арасында – банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын тәулік бойы жүзеге асыруға арналған төлем жүйесі (бұдан әрі – мезеттік төлемдер);"

46) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"46) төлем жүйесіне қатысушы – төлем жүйесінің операторымен төлем жүйесіне қатысу туралы шарт жасасқан банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым. Осы Заңда көзделген жағдайда төлем ұйымы төлем жүйесінің қатысушысы бола алады.";

2) 25-баптың 2 және 11-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Төлемдер және (немесе) ақша аударымдары төлем құралдары негізінде немесе оларды пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Төлем құжаттарының нысандары, міндетті деректемелері және олардың мазмұнына қойылатын басқа да талаптар, электрондық төлемдер құралдарын пайдалану ерекшеліктері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын мәліметтер мен деректемелер код түрінде ұсынылуы мүмкін.

Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде ақпаратты кодтау тәртібін Ұлттық банкпен бірлесіп, салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган белгілейді.";

"11. Дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілері жоқ орындарда тұрғандарды қоспағанда, тізбесі салықтар мен бюджетке төленетін түсімдерді қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның актісімен бекітілген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде, өз қызметін жүзеге асыру орындарында төлем карточкаларын немесе мезеттік төлемдерді қабылдауын пайдалана отырып төлемдер қабылдауға арналған жабдықтар (құрылғылар) орнатуды және қолдануды қамтамасыз етуге міндетті.

Төлем қызметтерін түрлі берушілердің клиенттері арасындағы мезеттік төлемдер мобильді телефон нөмірі және (немесе) қызмет көрсетудің қашықтық арналарын пайдалана отырып клиенттің өзге де сәйкестендіргіші арқылы жүзеге асырылады.

Мезеттік төлемдерді жүзеге асыру кезінде бенефициар пайдасына ақша аударуды бенефициардың төлем қызметтерін беруші лездік режимде қамтамасыз етеді.

Мезеттік төлемдер бойынша төлем қызметтерін берушілер арасындағы ақша аударымы (түпкілікті есеп айырысу) клиринг нәтижелері бойынша жасалады және Ұлттық Банкте тұрған ақшамен қамтамасыз етіледі.

Осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген талаптар қолма-қол ақшаны пайдаланбай сауда операцияларын, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыратын дара кәсіпкерге және (немесе) заңды тұлғаға қолданылмайды.";

3) 28-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Клиенттің банктік шотын жабу осы Заңның 29-бабында көзделген тәртіппен банктік шот шартының, банктік салым шартының қолданылуы тоқтатылған не оны орындаудан бас тартқан жағдайларда клиенттің, оның ішінде электрондық нысанда берген немесе банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым дербес берген өтініші бойынша жүзеге асырылады.";

4) 39-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК